*к.ю.н., доцент кафедры международного права  
факультета международных отношений  
КазНУ им. аль-Фараби*

## **О СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ КВАЛИФИЦИРОВАННЫХ СОСТАВОВ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ, СОВЕРШЕННЫХ В СОУЧАСТИИ**

В исследовании данного вопроса изначально возникает вопрос о том, насколько обоснованным является использование законом форм соучастия в уголовном правонарушении, указанных в ст. 31 УК РК в качестве квалифицирующих и особо квалифицирующих составов уголовных правонарушений. Согласно традиции, принятой при применении норм Общей и Особенной части УК, вопрос должен решаться со ссылкой на нормы Общей части, если в преступлениях, указанных в Особенной части, имеют место положения, предусмотренные Общей частью УК. Относительно форм соучастия, в Общей части УК РК существуют ст. 31, определяющая формы соучастия, и ст. 54, признающая отягчающим обстоятельством совершение преступления в различных формах соучастия в уголовном правонарушении. В деятельности правоохранительных органов, связанной с квалификацией преступления, ст. 31 УК не применяется, поскольку положения данной статьи относятся к общему нормативному положению, а в судебной деятельности, связанной с установлением общественной опасности совершенного деяния и назначением соразмерного наказания, применяется статья 54 УК. При этом возникает такой резонный вопрос, каково соотношение между положениями статьи 54 УК и квалифицированными составами Особенной части УК. Здесь, как нам представляется, позицию законодателя можно истолковать следующим образом: в целом совершение уголовного правонарушения совместными усилиями двух или более лиц в любых его формах согласно ст. 54 УК РК признается отягчающим обстоятельством и на этой основе, при отсутствии квалифицирующих составов в статьях Особенной части, можно назначить максимальное наказание в его пределах, предусмотренных основным составом. А если статьи Особенной части УК предусматривают квалифицированные составы, то дать правовую оценку совершенному уголовному правонарушению по этой части статьи и назначить наказание в пределах санкции этого специального состава. Такая рекомендация, с одной стороны, становится понятной, но, с другой стороны, является неудовлетворительной с точки зрения единообразного применения норм закона и учета степени общественной опасности уголовных правонарушений, совершенных в соучастии, а также с позиции ясности установления в нормах Особенной части УК форм соучастия в виде квалифицирующих составов и, соответственно, по нашему мнению, требует переосмысления.

Если обратить внимание на способы формулирования форм соучастия в качестве квалифицирующих составов, то можно отметить, что в статьях Особенной части УК встречаются шесть ее разновидностей.

1. Квалифицирующий состав под названием «совершение уголовного правонарушения группой лиц» в Особенной части УК РК встречается лишь в одной статье. Это часть 2 ст. 149 (нарушение неприкосновенности жилища). На первый взгляд представляется, что под совершением преступления группой лиц уголовный закон подразумевает не только совершение преступления группой лиц без предварительного сговора, но и с предварительным сговором. В таком случае в правилах квалификации и в установлении ответственности при наличии или отсутствии предварительного сговора между соучастниками различия не будет. Однако, с такой формулировкой уголовного закона трудно согласиться, если учитывать ч.1 ст.31, в которой требуется участие двух или более

исполнителей без предварительного сговора и квалифицирующих составов статьи 106 (умышленное причинение тяжкого вреда здоровью), 116 (принуждение к изъятию или незаконное изъятие органов и тканей человека), 120 (изнасилование) и других статьей (их число 21) с формулировкой «совершенное группой лиц, группой лиц по предварительному сговору». Получается, если законодатель под формулировкой «группа лиц» подразумевает отсутствие предварительного сговора при нарушении неприкосновенности жилища, то выходит, что, по мнению законодателя для такого вида уголовного правонарушения не характерно наличие предварительного сговора между двумя и более лицами. С таким соблажом нельзя согласиться, поскольку деяние признается совершенным с предварительным сговором, если соглашение между двумя и более лицами имело место до начала выполнения объективных признаков состава уголовного правонарушения. Поэтому, в целях соблюдения единообразного формулирования квалифицирующих составов, а также, чтобы не ограничивать возможности практики, следовало бы в ч. 2 ст.140 применить формулировку «совершенное группой лиц, группой лиц по предварительному сговору».

Кроме того, встречается такое непонятное правовое предписание, где один и тот же квалифицирующий признак используется в содержании основного состава в качестве альтернативного диспозитивного признака. Например, в ч. 1 ст. 201 УК РК, предусматривающей ответственность за нарушение вещных прав на землю, указывается признак его совершения группой лиц. В данном случае, нам непонятна обусловленность применения этого признака в части 1 данной статьи УК. Можно с пониманием отнестись к присутствию в качестве объективных признаков правонарушения применения насилия, угрозу его применения или захват чужого земельного участка при нарушении вещных прав на землю, что соответствует правовой характеристике данного уголовного правонарушения. Обращая внимание на содержание ч. 1 ст. 201 УК РК, можно предположить, что обоснованность признака «группы лиц» связана с действиями группы, сопровождавшихся применением насилия при нарушении вещных прав на землю, т.е. предполагала бы неразрывность признаков объективной стороны состава. Однако и такую позицию законодателя трудно предположить, поскольку в ч. 1 данной статьи между словами «с применением насилия», «с угрозой его применения», «группой лиц», «сопровождавшееся незаконным обыском» употребляются частицы «либо», «или», что означает несвязанность этих понятий между собой. Поэтому, это обстоятельство нельзя оценивать в качестве технической ошибки. Получается, что и в такой формулировке составов мы сталкиваемся с ошибочной законодательной трактовкой.

2. Квалифицирующие составы с формулировкой «совершение преступления группой лиц по предварительному сговору» встречаются в 74 статьях Особенной части УК РК (нумерацию и названия статей в силу их многочисленности не перечисляем).

Причину такой формулировки можно объяснить обстоятельством, устоявшимся в теории уголовного права, что в некоторых преступлениях совместность преступного намерения определяется наличием двусторонней субъективной связи между соучастниками. В таких преступных деяниях, как уголовные правонарушения против собственности, отсутствие предварительного сговора для совершения уголовного правонарушения хотя бы между двумя лицами не дает возможности квалифицировать совершенные однотипные деяния (хотя место, время, способ, предмет преступления в них одинаковы) как совершенные в форме соучастия в уголовном правонарушении.

Мы видим, что уголовный закон, проводя различие между такими формами соучастия, как «совершение преступления группой лиц по предварительному сговору» и «совершения преступления преступной группой» по степени их общественной опасности, предусматривает ответственность за них в различных частях одной и той же статьи УК РК. Такая дифференциация встречается во многих главах уголовного закона, например в главе «Уголовные правонарушения против собственности». Однако такой способ дифференциации ответственности не распространяется по отношению к таким преступлениям, которые

характеризуются деятельностью устойчивой преступной группы. Так, в ст. 306 УК РК предусматривающей ответственность за выпуск или продажу товаров, выполнение работ либо оказание услуг, не отвечающих требованиям безопасности или в ст. 385 УК РК, устанавливающей ответственность за подделку, изготовление или сбыт поддельных документов, штампов, печатей, бланков, государственных знаков почтовой оплаты, государственных наград, установлена специальная ответственность за совершение этих преступлений группой лиц по предварительному сговору, но не предусмотрена ответственность преступной группы. Для этих видов преступлений можно считать характерной преступную деятельность организованной преступной группы. Отсутствие в содержании этой статьи специального квалифицирующего состава по отношению к преступной группе становится непонятным.

При всем вышесказанном, нельзя не отметить, что уголовный закон не предусматривает составов с отягчающими обстоятельствами в форме совершения преступления группой лиц по предварительному сговору в некоторых статьях УК РК, где наличие этого признака было бы вполне обоснованным, например, в ст. 202 УК РК, предусматривающая ответственность за умышленное уничтожение или повреждение чужого имущества, или в ст. 110 УК РК, устанавливающая ответственность за истязание. Кроме того, нельзя критически не относиться к тому обстоятельству, когда нет основания для конструирования составов с отягчающими обстоятельствами в формах соучастия, закон предусматривает их, что означает присутствие в УК мертвых или неработающих норм и, наоборот, когда нужны такие специальные составы в некоторых статьях Особенной части УК, они отсутствуют, что означает недостаточную проработку законодателем проблемы конструирования в уголовном законе квалифицирующих составов в целом.

3. Одной из наиболее опасных форм соучастия является преступная группа. Эта форма соучастия в статьях Особенной части УК РК встречается в 87-и составах преступлений.

Обращая внимание на обоснованность установления организованной группы в качестве отягчающего обстоятельства при совершении преступления, можно заметить, что по некоторым преступлениям этот признак предусмотрен необоснованно. Например, часть 3 статьи 200 УК РК, устанавливающей ответственность за неправомерное завладение автомобилем или иным транспортным средством без цели хищения, предусматривает совершение преступления преступной группой, что, на наш взгляд, является совершенно необоснованным, поскольку для этого вида преступлений считается характерным не корыстный мотив, а хулиганские или иные низменные побуждения, часто возникающие внезапно, в момент совершения преступления. Такая ущербная законодательная деятельность встречается и в ст. 293 УК РК, регламентирующей ответственность за хулиганство.

Хулиганство по своей природе является преступлением характерным для поведения молодежи, часто происходящим на почве нетрезвого состояния человека и совершается, как говорится, безмотивно. Нередки случаи особо дерзкого поведения двух или более лиц, нарушающих общественный порядок, но создание устойчивой преступной группы в целях совершения хулиганства, представляется весьма невероятным.

При такой характеристике этих преступлений установление ответственности за их совершение преступной группой является излишним. Такой недочет уголовного закона встречается и в ст. 271 УК РК, устанавливающей ответственность за пиратство. Из содержания ст. 271 УК РК следует, что морское пиратство обычно совершается одним лицом, а в некоторых случаях совершается преступной группой. На самом же деле, нападение на речное или морское судно всегда совершается совместными, организованными усилиями нескольких лиц, так как нападение на водное судно одному человеку, можно говорить с полной уверенностью, не под силу. На этой основе следует исключить из ч. 3 ст. 271 УК РК признак преступной группы.

Также рекомендуется исключить такой квалифицирующий признак, как совершение преступления в составе преступной группы, из диспозиции следующих статей УК РК: п. 3 ч. 2 ст. 302, ч. 3 ст. 309, ч. 2 ст. 310. Обоснованность данного предложения заключается в том, что эти преступления в самом названии и диспозициях статей имеют понятие «организация и содержание притонов», подразумевающее преступные действия организатора преступления и остальных его соучастников по отношению к признакам «организация» и «содержание» притонов. Получается, что само понятие «организация и содержание» притонов для потребления наркотических средств, для занятия проституцией, для одурманивания с использованием лекарственных или других средств означает преступную деятельность преступной группы. К этому можно добавить, что один человек не может организовать и содержать притон, в этом обязательно будут участвовать другие лица, которые знают, что организация и содержание такого рода притонов поставлены в нашем государстве под уголовно-правовой запрет.

4. Этот подход законодателя проявляется в том, что квалифицирующие признаки совершения преступления группой лиц, группой лиц по предварительному сговору и преступной группой, присутствуя в одних и тех же составах преступлений, через запятую, несут одинаковую нагрузку при определении наказания виновным, т.е. они имеют одинаковую общественную опасность. Такие составы в УК РК встречаются в 3-х статьях. Например, в п. 7 ч. 2 ст. 99 УК РК, устанавливающей ответственность за убийство, перечисляются эти три формы соучастия. Получается, что эти формы соучастия не имеют различной степени общественной опасности, а если она имеется, то дифференциация ответственности предоставлена практике применения судами наказания за это преступление, которым предусматривается лишение свободы от 15-ти до 20-ти лет либо пожизненное лишение свободы. Позицию законодателя в данном случае можно понять, в связи с тем обстоятельством, что по материальным составам виновные лица причиняют вред в таком объеме, виде, каким он должен быть. Иначе говоря, нет разницы в том, что человек был убит действиями группы лиц или организованной группы. В таком случае сам по себе возникает вопрос в адрес законодателя о том, какова причина установления ответственности по формам соучастия в одних статьях УК РК в различных частях статьи (например, в ст. 188), а в других статьях в одной и той же части статьи (например, в ст. 99, 314, 315). Кроме того, закон по непонятным причинам, скорее всего, необоснованно не дифференцирует преступную деятельность преступной группы, перечисляя в одной части статьи УК сразу несколько форм соучастия.

5. Придание равнозначного значения таким формам, как совершение преступления группой лиц по предварительному сговору и преступной группой, встречается в один ряд, в одной части статьи по статьям 107, 150, 212, 312, 386 УК РК, т.е. 5-ти видам преступлений. Законодатель, рассматривая эти две формы соучастия в одной части статьи, тем самым дает возможность применения ответственности на одинаковом уровне. Традиционно исследователи, учитывая признаки устойчивости и организованности по отношению к организованной преступной группе, рассматривают ее общественную опасность на уровне преступного сообщества. Аналогичную точку зрения приводит Н. П. Водько, утверждающий: «Следовательно, и по названным составам преступлений совершение преступления в составе организованной группы целесообразно вынести в отдельный пункт и установить повышенную, по сравнению с группой по предварительному сговору, уголовную ответственность» [1, с. 54]. Как видим, в подобных составах преступлений признак «организованная группа» отождествляется с признаком «совершение преступления группой лиц по предварительному сговору», при котором отсутствуют признаки устойчивости и организованности.

Полагаем, что для устранения и предотвращения некачественной законодательной деятельности следует привлечь ученых-юристов, у которых исследовательская работа

связана с соответствующими вопросами уголовного права, а также обязательное направление проектов закона в научно-исследовательские учреждения для рецензирования.

Рассматривая эту сложную проблему уголовного права предлагаем исключить из норм Особенной части УК РК все квалифицированные составы уголовных правонарушений, содержащие формы соучастия в уголовном правонарушении, для совершенствования уголовного законодательства и обеспечения ясности в деятельности судебно-следственных органов, связанной с квалификацией преступлений. При этом рекомендуется решить вопросы квалификации преступлений, совершенных с различными формами соучастия, в соответствии с нижеследующими правилами.

1. По результатам нашего исследования, совершение уголовного правонарушения совместными усилиями двух или более лиц не всегда является обстоятельством, отягчающим ответственность. Ответственность соучастников может усиливаться при организованной группе и преступном сообществе, поскольку эти формы соучастия, как выше было отмечено, характеризуются признаками организованности и устойчивости. Преступное сообщество, кроме отмеченных признаков, обладает такими признаками как сплоченность, структурность.

Совершение преступлений группой лиц или с распределением ролей не всегда может усиливать ответственность соучастников. Эта позиция обосновывается несколькими обстоятельствами. Во-первых, в материальных составах главным отягчающим обстоятельством уголовного правонарушения признается причинение крупного ущерба против интересов общества. Например, человек, действуя в одиночку, может нанести материальный ущерб обществу на сумму 1 млн. тенге. А в другом случае, совместными усилиями нескольких лиц может быть нанесен ущерб на сумму 20 тысяч тенге. В таком случае, есть смысл в более строгом назначении наказания лицу, совершившему преступление единолично, чем лицам, действовавшим в соучастии. Во-вторых, совершение преступления в соучастии по своей природе является способом удовлетворения преступного намерения, при котором используются различные формы соучастия, а не непосредственно обстоятельством, отягчающим ответственность. В-третьих, традиционно в уголовном праве ответственность лица, совершившего преступное деяние, усиливается в зависимости от степени важности признаков, относящихся к элементам состава уголовного правонарушения. Например, по объекту – убийство двух или более лиц, по предмету – использование радиоактивных материалов в качестве способа удовлетворения преступного замысла, по объективной стороне – выполнение активных действий при совершении преступления и т.д. Совершение уголовного правонарушения в соучастии, хотя представляет собой способ удовлетворения преступного замысла в виде совместных усилий двух или более лиц, не всегда может представлять серьезную опасность в силу незначительности причиненного ущерба и/или внезапности появления намерения совершить преступное деяние. Поэтому считаем целесообразным в п. 3 ч. 1 ст. 54 УК РК, предусматривающей обстоятельства, отягчающие уголовную ответственность и наказание, указать положение, аналогичное имеющемуся в п. 12 ч. 1 этой же статьи, которое дает возможность судам не всегда признавать совершения уголовного правонарушения в соучастии обстоятельством, отягчающим ответственность.

2. В случае устранения квалифицирующих составов из норм Особенной части УК РК следует установить больший диапазон между высшим и низшим пределами наказания, указанным в основном составе уголовного правонарушения. Обоснованность данного предложения состоит в том, что если судом совершение преступления группой лиц или с распределением ролей будет признано отягчающим обстоятельством, то у него имелась бы возможность назначить соответствующее наказание.

3. Исключение из норм Особенной части УК РК квалифицирующих составов, связанных с организованной группой и преступным сообществом, усиливает возможность применения статей 262 и 265 УК РК, устанавливающих ответственность за создание и



руководство организованной группой или преступным сообществом, а равно за участие в организованной группе и преступном сообществе или их транснациональных формах. Отсутствие в статьях УК РК квалифицированного состава по этим формам соучастия, безусловно, требует квалификации по совокупности уголовных правонарушений. Это правило не должно распространяться на преступления, которые по своей природе являются видами соучастия и характеризуются такими признаками как устойчивость и организованность преступной деятельности, например, бандитизм, создание и руководство террористической группой и т. д.

4. Преступления, совершенные организованной группой или преступным сообществом в одних уголовных делах квалифицируются по соответствующим частям статей Уголовного кодекса, предусматривающим специальную ответственность за эти формы соучастия без применения статьи 262 - 265 УК РК, а в других уголовных делах – с применением данной статьи, т.е. по совокупности преступлений, что означает отсутствие единой правоприменительной практики.

Причиной этого служит отсутствие в уголовном законе или в соответствующем нормативном постановлении Верховного Суда РК от 21 июня 2001 года «О некоторых вопросах применения законодательства об ответственности за бандитизм и другие преступления, совершенные в соучастии» ясной нормы о квалификации преступлений, предусмотренных квалифицированными составами Особенной части УК и ст. 235 (ныне – ст. ст. 262-265) УК [2, с. 284].

Завершая анализ по этому вопросу, хочу отметить, что приведенное предложение преследует цель внесения в Уголовный кодекс РК существенных вышеприведенных изменений. Кроме того, статьи Особенной части УК предусматривают специальную ответственность и по другим квалифицирующим признакам, следовательно, без общего понимания этой проблемы уголовного права невозможно ни теоретическое, ни практическое решение данной проблемы.

#### **Литература:**

1. Водько Н. П. Уголовно-правовая борьба с организованной преступностью. – М.: Юриспруденция, 2000.
2. Сборник постановлений Пленума Верховного Суда Казахской ССР, Пленума Верховного Суда Республики Казахстан, нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан. – Алматы: Норма-К, 2005. – С. 281- 286.

**Жетібаев Н. С.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ  
Ұлттық Университеті, халықаралық  
құқық кафедрасының доценті,  
заң ғылымдарының кандидаты*

### **МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Медицина қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы қылмыстары абайсызда жасалатын қылмыстарға жатады. Абайсызда жасалынатын қылмыстар жалпы қылмыстылықтың бір бөлігі болып танылады. Қылмыстық құқықтық әдебиетте абайсыз қылмыстылық, қылмысты абайсыздық, абайсыз қылмыстар терминдері кеңінен қолданылады. Жеке, ерекше және жалпы өзара қатынасы диалектикасын ескере отырып,

аталған терминдерді қолдану барысында, заң абайсызда жасалған қылмыс ұғымын басымдықтардың қатарына жатқызады.

«Абайсыз қылмыстылық» ұғымының мазмұны қылмыстық заңның жай-күйінен, онда көзделген абайсыз қылмыстар және оларды сипаттайтын белгілеріне байланысты.

Қылмыстық абайсыздықта белгілі бір кезеңде қоғамда (аймақта) орын алған абайсызда жасалған барлық қылмыстардың жиынтығын құрайды.

Қылмыстылық қоғамның өзгермелі, жағымсыз, объективті және әлеуметтік құбылысы ретінде сипатталады. Осыған байланысты қылмыстылықтың да ұғымы өзгеріп отырады. Я. Гилинскийдің пікірінше, ресейлік әдебиетте қылмыстылық ұғымы белгілі бір кезеңде, белгілі бір аумақта жасалған барлық қылмыстардың жиынтығын білдіретін таптық қоғамның тарихи өтпелі әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде ұзақ уақыт бойы үстемдік құрып келді. Соңғы жылдары қылмыстылықтың неғұрлым тура анықтамалары пайда бола бастады. Сонымен қылмыстылық – өзінің заңдылықтары, саны және сапалық белгілері бар, қоғам және адамдар үшін кері салдарларға алып келетін және оларды бақылау үшін өзіне тән мемлекеттік және қоғамдық шараларды талап ететін адамзат қоғамында өмір сүретін жағымсыз әлеуметтік-құқықтық құбылыс [1, 28 б].

Абайсызда жасалынған қылмыстардың генезисінде әрқашанда субъектінің ұқыпсыздығы немесе қателігінің нәтижесінде қылмыстық құқықпен қорғалған қоғам, тұлға мүддесіне зиян келтіріледі, кейбір жағдайларда зиянды зардаптардың туындауының нақты қаупі келтіріледі.

Кеңірек алғанда абайсызда жасалынған қылмыстар субъекті (тұлға, оның мақсаттары, пиғылы, мінез-құлқы) мен объективті (жағдай, қару немесе құрал) мән-жайлардың арасындағы қарама-қайшылықпен байланысты. Осы жерде егер абайсызда жасалған қылмыстардың нақты себебі болып жеке тұлғаның қауіпті ситуациямен және құралдармен өзара әрекеті танылса, онда тұлғаның кемшіліктері, қылмыстық абайсыздыққа алып келген жағдайдың, құралдың қауіпті ерекшеліктері, терең әлеуметтік себептерде және жағдайларда жатыр.

Қылмысты абайсызда жасау мәселесі жалпы қылмыстылық ішінде екінші орынға ысырылып, оған онша мән берілмеу нәтижесінде қоғамға зардаптар әкелуде.

Абайсызда жасалынатын қылмыс механизмі субъективті және объективті өзара әрекетті құрайды. Абайсызда зиян келтіру тұлғаға қойылатын объективті талап жағдайлары және осы жағдайды тұлғаның субъективті қабылдауының адекватты емес арасындағы қарама-қайшылығының нәтижесінде жатыр. Жеке тұлға көбінесе жағдайдың талаптарына қатысты дәрменсіз боп қалады.

Медицина қызметі саласындағы абайсыздық қылмыстылығымен күресудің басымдықты бағыттарының бірі болып, емдеу мекемелерінің қызметіндегі осы жағымсыз құбылысты жасамау үшін ұтымды әсер етуді әзірлеу және себептерін анықтау мен бейтараптандыру. Ақ халатты тұлғаларға мемлекет тарапынан сазайын тарттыру арқылы әсер етудің шектеулі мүмкіндіктерін ескере отырып, қылмыстылықтың деңгейін азайтуға және оның дамуының негізгі тенденцияларын анықтауға мүмкіндік беретіндігін анықтауға талпыныс жасадық. Медицина қызметкерлерімен жасалатын кәсіби қылмыстардың алдын алудың пара пар шараларын анықтаудың күрделілігі бірқатар мәселелермен байланысты: біріншіден, «медициналық қателік», «ятрогения», «медициналық көмек көрсетудің ақауы» ұғымдарына түсінік берілмеген. Екіншіден, ҚР Жоғары Сотының «Медицина қызметкерлерімен жасалатын қылмыстар» туралы кәсіби түсіндірулері жоқ. Криминологиялық әдебиетте қылмыстардың алдын алу қызметін нақтылау үшін бірнеше терминдер «алдын-алу», «сақтандыру», «тойтару», «бұлтартпау», «превенция» және басқалары қолданылады. Бірқатар жағдайларда бұл ұғымдар олардың еркше мазмұнын бөліп көрсете отырып айырады, басқасында – ұқсас термин ретінде қолданылады. О. Старковтың пікірінше, бұл ұғымдар белгілі бір дәрежеде бірін-бірі толықтыра отырып, келесідей мазмұнды білдіреді:–қылмыстылықтың және қылмыстың алдын алу, яғни бұл ұғымдарды

жалпы әлеуметтік деңгейде қылмыстылыққа және оның типтеріне жол бермеуіне қатысты қолдануға болады. [2; 55 б]. Қылмыстардың алдын алу – құқықпен қорғалатын құндылықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әлеуметтік басқарудың ерекше түрі және қылмыстардың себептерін, оны жасауға әсер ететін жағдайларды алдын алуға және жоюға мақсатты бағытталған шаралар жүйесін әзірлеу және жүзеге асыру, сондай-ақ мінез-құлқы құқыққа қайшы іс-әрекетті жасауға бейім адамдарға ескерту [3; 27 б]. Криминологиялық еңбектерде қылмыстардың алдын алудың (превенция) дәрежесі және түрлері мәселелеріне байланысты негізінен екі түрлі көзқарас кездеседі. Алғашқылардың пікірлерінше, екі деңгей бар: жалпы әлеуметтік және қоғамдық. Сондай-ақ қылмыстардың себептеріне және жағдайларына тікелей бағытталған – арнаулы криминологиялық. Олар өз кезегінде екі түрге бөлінеді:

- 1) жалпы алдын алу, негізінен қылмыстық мінез-құлықтың шағын ортасына бағытталған, яғни жеке басқа ешкімге тікелей бағытталмаған,
- 2) жеке- қылмыс жасауы мүмкін адамның тұлғасы.

Қылмыстылықтың алдын алу иерархиялық жағынан өзара байланысты міндеттерден тұрады. Олардың біріншісі – толықтай алғанда қылмыстылықтың динамикасына, құрылымына және себептеріне профилактикалық әсер ету (әлеуметтік профилактика). Екіншіден – қылмыстылық мінез-құлықтың түрлерін және нысандарын ескерту, қоғамдық өмірдің белгілі бір салаларын сақтандыру, жекелеген әлеуметтік топтардағы адамдардың қылмыстарының алдын алу (криминологиялық профилактика). Үшінші міндеті ретінде жекелеген адамдардың жасаған қылмысын ескерту (жеке криминологиялық профилактика).

Екінші позицияны ұстанатындар үш деңгейді бөліп көрсетеді:

- 1) жалпы әлеуметтік, яғни, бүкіл қоғамның шегінде жүзеге асырылады,
- 2) топтық, тұрмыстық топтарға, еңбек ұжымдарына, формалды емес бірлестіктерге бағытталған, мысалы «жиындар» және формалды бірлестіктер.
- 3) әлеуметтік. Сондықтан, жалпы профилактикалық шаралар жүйесіне әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, құқықтық, әлеуметтік-мәдени, техникалық және басқалары кіреді. Жалпы алдын алу жүйесінде құқықтық шаралар маңызды орын алады. Олар: құқықтық тәрбиелеу, денсаулық сақтау саласындағы құқықтық білімді насихаттау. Бұл бағыттағы мақсатты жұмыстар – нормативті актілерді әзірлейтін барлық мемлекеттік органдарға, министрліктерге және ведомстволарға жүктеледі. Қылмыстылықтың жалпы алдын алуда қоғам өмірін экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани салаларын сауықтыруға байланысты шаралар жатқызылады. Субъектілері ретінде әр түрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдар, азаматтық қоғамның институттары танылады.

Қылмыстылықтың арнаулы алдын алуда қылмыстылықты жасауға әсер ететін себептер және жағдайларды жоюға байланысты шаралар, сондай-ақ қылмыстарды бұлтартпау, тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын жүзеге асыру, осы немесе басқа да адамның мінез-құлқын ұжымда талқылау, соттардың, прокурорлардың, тергеушілердің, полиция қызметкерлерінің жаппай-түсіндіру жұмыстары жатқызылады [4, 27 б]. Жеке тұлғаға қатысты жүзеге асырылатын жеке алдын алу шаралары осы тұлғаның және оның мінез-құлқының ішкі жағымсыз белгілерін бейтараптандыратын немесе жоятын әлеуметтік құрал. Қылмыстылықпен күресу – келесідей үш жүйенің бірлігінен, яғни күресуді жалпы ұйымдастыру, қылмыстылықтың алдын алу және құқық қорғау қызметін көрсететін күрделі жүйелік қызметтен тұрады [5, 380 б]. Қылмыстылықпен күресу – көп жақты маңызға ие ұғым және тәжірибелік жағынан түсінікті ұғым. Қылмыстылықпен күресу ұғымы ғылыми ортада да, тәжірибелік қызметкерлердің арасында да кеңінен тараған және ешқандай елеулі түсініспеушіліктер туындатпайды [6, 36 б]. Денсаулық сақтау саласындағы бағдарламаларды, концепцияларды әзірлеу барысында мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың, парламент депутаттарының, денсаулық сақтау жүйесінің білікті мамандарының, заңгерлердің, экономистердің іс-әрекеттерін үйлестіре отырып жұмыс жүргізілсе, осы

тұрғыдағы қылмыстылықтың алдын алуда оңтайлы жол болар еді. Криминологияда қылмыстылықтың алдын алудың субъектілеріне кең тұрғыдан барлық мемлекеттік және қоғамдық институттар, өзінің қызметімен қылмыстылықтың алдын алуға ықпал ете алатын азаматтардың бірлестігі жатады. Осы субъектілер аталған мақсаттар үшін арнайы құрылған өздерінің құзыреттері және өкілеттіктері арқылы криминологиялық алдын алу шараларын жүзеге асырады. Көрсетілген субъектілер әр түрлі негіздер бойынша топтастырылады. Біріншісі – тікелей қылмыстың жеке профилактикасын жүргізетін субъектілер. Екінші топқа – өздерінің бақылау және құқық қорғау құзыреттерін атқару барысында алдын алу шараларын жүзеге асыратын субъектілер. Үшінші топты қылмыстардың алдын алуға байланысты іс-әрекетке басшылық жасайтын немесе үйлестіретін субъектілер [7, 109 б]. Қылмыстардың жеке алдын ала ескертудің объектісі және оның өмір сүруінің криминалды сипаттамасын беретін тұлғаның мінез-құлқының субъективтік негізін (себептерін және жағдайларын) жою мақсатына жетуге бағытталады [8, 8 б]. Тікелей қылмыстың жеке профилактикасын жүргізетін субъектілерге отбасы, еңбек және оқу ұжымдары, азаматтар немесе қоғамдық өзін өзі басқаратын органдардың бірлестіктері, сондай-ақ құқық қорғау органдары шеңберінде қылмыстылықтың алдын алуға байланысты құрылатын ұйымдық құрылымдар жатады. Бұл субъектілер адамның өмір сүру жағдайларына және тәрбиесіне тікелей ықпал ете отырып, криминогенді жағдайды төмендетеді, қоғамға қарсы әрекеттердің қоғамға қауіпті іс-әрекетке айналып кетпеуінің алдын алады, олардың себептерін және шарттарын анықтайды және жояды, қылмыстардың қайталануының болуына жол бермейді. Қылмыс жасауға әсер ететін мән-жайлар дәлелдеудің қылмыстық-іс жүргізу құралдарының көмегімен анықталады, профилактикалық шараларды шешу және жүргізу соттың жеке ұйғарымдарын шығару жолымен ресімделеді. Қазіргі таңда қолданыстағы қылмыстық заңнама науқастың денсаулығына ауыр зиян туындаған кезде немесе өлімге алып келген ғана кезде медицина қызметкерлерін жауаптылыққа тарта алады. Адамның өміріне және денсаулығына қарсы медицина қызметкерлерінің біліксіздікпен сараланған іс-әрекеттері қылмыстық құқықтың реттейтін саласынан тыс қалуда. Тиісінше, медицина қызметкерлерінің құқыққа қайшы іс-әрекеттерін қылмыстық құқықтық бағалау аталған іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесіне сай келмейді. Біздің пікірімізше, медицина қызметкерлерінің науқастардың денсаулығына абайсызда зиян келтіруі немесе өлімге алып келуі медицина қызметкерлерінің жұмысы қателіксіз жүзеге асырылмайтындығы белгілі болғандықтан қылмыстық құқықтық осыған сай құрылуы тиіс. Сол себепті, дәрігерлердің қателікпен жасалынған іс-әрекеттерін саралау медициналық қызметті құқықтық реттеумен байланысты. Қазіргі таңда осы тұрғыдағы қылмыстардың алдын алу оның әлеуметтік жағынын мұқият, жан жақты зерттеу және талдау арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Медицина қызметкерлерінің арасындағы абайсызда жасалынған қылмыстылық әртүрлі сипаттағы әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық және жеке-психологиялық ерекшелікпен байланысты. Осы келеңсіз құбылыспен күресу кешенді сипатты иелене отырып, жалпы және арнайы сақтандырудан тұруы қажет. Жалпы алдын алу шаралары әлеуметтік себептермен өзара байланыста бола отырып келесідей шараларды қамтуы тиіс: денсаулық сақтау саласындағы реформаларды құқықтық қамтамасыз етуді күшейту, денсаулық сақтау саласындағы нормативті құқықтық актілерді кешенді бағалау, заңдардың бір біріне деген қарама қайшылығын анықтау, медицина саласындағы қылмыстарға қарсы тұрда құқық қорғау органдарының жұмысының тиімділігін арттыру, медицина қызметкерлері тарапынан жасалатын құқықбұзушылықтардың есептілігі мен статистикалық тіркелуінің нысанын жетілдіру, аталған санаттағы істер бойынша құқық қолдану және сот тәжірибесін үздіксіз мониторингтеу біріңғай мемлекеттік жүйесін құру. Медицина қызметкерлері арасында абайсызда жасалатын қылмыстардың арнайы алдын алу шараларына: медициналық істер бойынша сот-медициналық сараптамасына динамикалық талдауды жүргізу; халықты ұдайы медицинаның күрделілігі, азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтары мен міндеттері туралы виктимологиялық ақпарат әзірлеу және жүргізу; құқықтық және

медициналық маңызына байланысты (соның ішінде науқастың электронды тарихы) медициналық құжат жүргізуді жақсарту. Заң бағытындағы жоғары оқу орындарында «Медициналық құқық» пәнін енгізу қажет.

#### **Әдебиеттер:**

- 1.Гишинский.Я Понятие преступности в современной криминологий // Предупреждение преступности. – 2005. – №1. – С. 28-34.
- 2.Старков О. Основы теории профилактики в криминологии // Предупреждение преступности, 2006. – №4. – 55 с.
- 3.Алауханов. Е.О. Зарипов.З. Профилактика преступлений: Учебник.- Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 375 с.
- 4.Кудрявцев В.Н. Советская криминология наука о предупреждении преступлении. – М.: Изд-во Знание, 1967. – 32 с.
- 5.Гельфер М.А., Гришаев П.И., Здравомыслов Б.В. Советская криминология. – М.: Изд-во Всесозный юридический заочный институт, 1967. – 120 с.
- 6.Криминология: Учебник для вузов 3-е издание / под общ ред д.ю.н. проф. А.Н. Долговой. – М.: Изд-во Норма, 2005. – 900 с.
- 7.Миндагулов А.Х. Борьба с преступностью как управленческий процесс // Предупреждение преступности. – 2001. – С.36-42.
- 8.Бурлаков В.Н., Орехов В.В. Индивидуальное предупреждение преступлений вопросы теорий и практики. – Ленинград: Изд-во ЛГУ, 1988. – 86 с.

**Сатанова Л. М.**

*з.ғ.к., Нархоз Университетінің  
құқық кафедрасының доценты*

## **ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ЕКІНШІ ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ**

Егемендігін алған Қазақстан, (16 желтоқсан 1991 жылы) демократия, құқықтық мемлекет және нарықтық экономиканы құруға бағытталған, мемлекет пен қоғамдағы қарым-қатынасты, реформалауды, өзінің ресми саяси бағыты ретінде жариялады. Осы сәттен бастап елде, кеңес заманындағы саяси жүйеден демократиялық қағидаларды негізге алатын, жаңа мемлекеттік типке біртіндеп өту әрекеті басталды.

Бүгінгі таңда ең маңызды саяси жетістіктер деп, қабілетті мемлекеттік механизмді құруды айта аламыз. Қазақстан мемлекеттілігінің іргетасы қалыптасқан. Кәсіби мемлекет құрылған. Елде орталық пен аймақтардың арасындағы билік өкілеттілігін тиімді бөлу процесі, сонымен қатар, жергілікті өзін-өзі басқару институттарының дамуы басталды. Мемлекеттік биліктің барлық деңгейінде басқарудың нәтижелі жүйесін құруға бағыт алынды.

Саяси жетістіктердің қатарына, кәсіби мемлекеттік қызметкерлер корпусының құрылғандығы жатады. Оның құқықтық негізі, ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы», «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», Заңдарында, сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлердің ар-намыс Кодексінде бекітілген. Халықаралық ұйымдар мен сарапшылардың бағасы бойынша, Қазақстан, соңғы жылдары мемлекеттік қызмет аясындағы өзінің заңдары мен рәсімдерін қазіргі халықаралық стандарттарға айтарлықтай жақындатқан.

Қазақстандағы кеңестен кейінгі саяси өткел, күрделі саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайларда басталды, сондықтан да осы факторларға байланысты саяси өркендеу процесі біртіндеп кезеңмен жүргізілді. Бұл процесстің басты нәтижесі болып, елде саяси тұрақтылықты сақтай отырып, дамудың демократиялық бағытын бекіту болды. Саяси өркендеу жолындағы Қазақстанның негізгі жетістіктерін ерекше айта кетуге болады. Қазақстанда, үнемі барлық мүдделі елдің азаматтарының қатысуымен бәсекелестік сайлаулар жүргізіледі. Биліктің негізгі субъектілерінің сайланатындығы және сайлауларды балама негізінде өткізу, қазақстандық қоғамның маңызды демократиялық табыстарының бірі болды. Қазақстанда әр жылдары сайлау процессін жетілдіруге бағытталған шаралар жүргізілген болатын. Осылайша, саяси жүйедегі маңызды өзгерістер болып, 1998 жылғы конституциялық түзетулерге сәйкес, Мәжіліске сайлауда дауыс берудің аралас жүйесін енгізу табылды. 1999 жылы елдің Парламентіне көппартиялық негізде сайлауды жүргізу, сайлау құқығы жүйесінде және жалпы қоғамның саяси жүйесінде партияның рөлін айтарлықтай жоғарлатты. Қазақстан және Орталық Азия елдерінің тарихында алғаш рет, Қазақстан Республикасының Парламентіне сайлау, қосымша он орындарға саяси партияларды өлшемді өкілеттілік жүйесі бойынша және бірмандатты аймақтық сайлау округы бойынша өкілеттіліктің басым жүйесі негізінде өтті.

2007 жылдың Конституциялық реформасы, сайлау процесіне жаңа түзетулер енгізді.

Қазақстанда, азаматтар өздерінің әлеуметтік, саяси, экономикалық және діни құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалған. Сонымен қатар, заңда барлық азаматтардың олардың ұлтына, тіліне және дінге көзқарасына қарамастан құқықтары мен бостандықтарының теңдігі бекітілген. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Конституцияның 12 бабына сәйкес, адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды. Конституцияның 13 бабына сәйкес, әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады (заңмен белгіленген салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді төлеуге, әскери қызмет, тарихи және мәдени мұраны сақтауға байланысты қамқорлық, табиғатты сақтау және табиғи байлықтарға ұқыпты қарау және т.б.). Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

Адам құқықтары тізімінде маңызды орынды азаматтық құқық алады. Конституцияның 10 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады, ол қандай негізде алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең болып табылады. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заң 20 желтоқсан 1991 жылы қабылданды. Оған 1995 жылы, 2002 жылы, 2004 жылы өзгертулер енгізген болатын. Заң азаматтықты алудың келесідей негіздерін бекітеді: 1) туылғанынан; 2) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдану нәтижесінде; 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттер аралық келісімдерде белгіленген негіздер немесе шарттар бойынша; 4) заңда белгіленген өзге де негіздер бойынша. Қазақстан Республикасының азаматтық институттары жалпыәлемдік үрдіс бойынша дамып, басқа маңызды ерекшеліктері жоқ.

Мемлекеттің негізгі мақсаттарының бірі, ішкісаяси тұрақтылықты және елде жалпыұлттық келісімді сақтау болып табылады. Жалпыұлттық Қазақстанның саяси дамуы этнос аралық немесе конфессия аралық қауіпті дауларды көрсетумен жүргізілмейді. Елде мемлекеттің ұлттық саясатын жүзеге асырудың ерекше және тиімді механизмі құрылған, ол Қазақстан халықтар Ассамблеясы.

Адамдардың құқықтарын сақтау процессінде, этникалық топтардың рөлі мен құқығы ерекше орынды алады. Конституция этникалық топтарға мәдени мұрасын сақтау мақсатында ұлттық мәдени орталықтарды құруға рұқсат етеді. Қазақстан халықтар Ассамблеясының мүшелері болып ұлттық мәдени орталықтардың өкілдері сонымен қатар, Ассамблеяның төрағасы болып табылатын Президенттің тағайындаған тұлғалары табылады. Тағайындалушылардың арасында – жазушылар, ғалымдар, әртістер бар. 2007 жылдан бастап Ассамблеяның 9 өкілі квота бойынша Парламент Мәжілісінің депутаты бола алады. Ассамблея заң шығарушылықпен айналыспайды, оның негізгі қызметі, қазақ қоғамын шоғырлау, өз мүшелерін саяси жүйеге толықтыру болып табылады.

Қазақстанда демократизациялау бағытының маңызды аспектісі, сонымен қатар жетістігі болып, оппозицияның болуын белгілейтін көппартиялық және саяси плюрализмнің дамуы табылады.

Қазақстан Конституциясының 1 тармағы 5 бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандылық танылады. Мемлекеттік органдарда партиялардың ұйымдарын құруға жол берілмейді». Конституциялық норма екі ұғымды мазмұндайды: идеологиялық және саяси плюрализм.

Саяси плюрализмнің маңызды қағидасы болып, саяси партиялардың теңдік қағидасы табылады, бұл қағида Қазақстан Конституциясының 2 т. 5 бабында бекітілген «Қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей» .

Қазіргі таңда Қазақстанда әртүрлі идеологиялық бағыттардағы саяси партиялар тіркеліп, қызмет етіп жатыр. Саяси жүйені бекіту және дамыту мақсатында елде партиялық тізім бойынша, Мәжіліс депутаттарын сайлауды жүргізу тәжірибесі енгізілді. Конституцияға қабылданған өзгертулер негізінде Қазақстан Парламентінің төменгі палатасының құрамы, партиялық тізім бойынша 2007 жылы 18 тамызда өткен сайлауда жалпы халықпен сайланды. Бұл сайлауда ең көп дауыс жинаған «Нұр Отан» саяси партиясы болды.

Сонымен қатар, саяси жетістіктердің бірі деп, үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, кәсіподақтар мен басқа да институттар арқылы азаматтық қоғам институттарын дамыту үшін негізгі шарттардың жасалғандығын айта аламыз.

1990 жылдары азаматтық қоғам институттарының жұмыс істеуі үшін мемлекетпен негізгі нормативтік-құқықтық база құрылды. Сол кездегі уақыт талабына сай қоғамдық бірлестіктер, меншік туралы, сайлау туралы, бұқаралық ақпарат құралдары туралы қызмет етіп жатқан заңға өзгертулер енгізілді. Бастапқы кезде заңға жасалған өзгертулер мазмұнына қарай толығымен демократизациялық өзгешелігі болған жоқ. Алайда басталған процесс азаматтық қоғамдағы өзгерістерге түрткі болды. Пайда болған қоғамдық бірлестіктер, саяси партиялар, тәуелсіз БАҚ заңның жақсаруына бастамашы болды.

Қазіргі Қазақстанда әр түрлі топтар мен қалың бұқараның мүдделерін білдіріп қорғайтын 5 мыңнан жоғары ҒӨБ құрылып, жұмыс істейді. Жалпы үкіметтік емес секторда 200 мың адам іске қосылған. Қазақстандық ҒӨБ қызметтерімен азаматтардың 2 миллионы қамтылған.

Қазақстанда маңызды саяси жетістіктердің бірі болып, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары және ашық ақпараттық кеңістіктер табылады. Қазіргі заманда елде бұқаралық ақпарат құралдары дұрыс жұмыс істеу үшін құқықтық және экономикалық негіздер аясы құрылған. Бұқаралық ақпарат құралдары институты, дамыған құрылымы бар дербес әлеуметтік институт ретінде рәсімделді, бұл Қазақстандық БАҚ-ның 80 пайызы бүгінгі күні мемлекеттік емес болып табылатындығымен дәлелденеді. Бүгінгі күні ерекше топты онлайн ақпараттық БАҚ құрайды – Интернеттің цифрлік интерактивтік ортасында, контентті тарататын кәсіпорындар.

Жалпы бұқаралық ақпарат құралдарда қалыптасқан алуантүрлі құрылымдық, қазақстандық қоғамда саяси, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, өзгерістерді қамтып көрсетеді.

Сайып келгенде, өткен жиырма жылда, саяси жүйе түбегейлі ауысты, биліктің бөліну жүйесі құрылды. Осы уақытта екіпалаталы парламент құрылып, көппартиялылық беріктенді, азаматтық қоғам институттарының дамуына жағдайлар жасалды. Соңғы жылдары Қазақстанда демократиялық саяси жүйені және либералды қоғамдық құрылымның негізін бекіткен маңызды институциялық және құрылымдық өзгерістер жүргізілді.

Кеңестің саяси жүйесімен салыстырғанда жаңа болып президенттік институттың пайда болуы, ал парламентаризм аясында заңшығарушы міндеттері берілген парламенке биліктің бір тармағы берілгендігі болды. Президенттік институттың пайда болуымен тұрақты және күшті мемлекеттік билік құрылды, ішкі саяси процесстердің тұрақтылығы орнатылып, аз мерзімнің ішінде экономикада өте жақсы өзгерістер орын алды, республиканы халықаралық қоғамдастық мойындады. Осының барлығы мемлекеттілікті нығайтуға, мәдениет пен білімді дамытуға, халықтың тұрмысын жақсартуға мүмкіндік берді.

Қазақстанның ең басты саяси жетістігі болып, орныққан мемлекет пен ішкісаяси тұрақтылық азаматтарға еркін дамуына және өмірінің сапасын жақсартуға мүмкіндік бергендігі.

#### **Әдебиеттер:**

1. Юридическая газета. // № 115 от 31 июля 2007 г. и № 133 от 30 августа 2007 г.
2. www.genconsul.de
3. www.quorum.kz
4. Нурбол Сабыралы. //Ленинская Смена. Экспресс К. 5 мая 2011 г. Саммит ОБСЕ: итоги № 231 (17103) от 11.12.2010, Астана.

**Өміртай Р.**

*з.ғ.к., Нархоз Университетінің  
құқық кафедрасының доценты*

### **ҚАЗАҚСТАН – РЕПАТРИАЦИЯ МӘСЕЛЕСІН ОҢДЫ ШЕШУШІ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ БІРЕГЕЙІ РЕТІНДЕГІ 25 ЖЫЛДЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ БІРІ**

Тәуелсіз ел ретіндегі 25 жылдық тарихымызда халықтың көші-қоны саласындағы нормативтік құқықтық актілер біршама жетілдіріліп, заман талабына сай жаңартылуда. Дүниежүзінде репатриациямен айналысатын санаулы елдердің , яғни Израиль мен Германияның қатарында Қазақстан бар.

Отандық құқық ғылымында көші-қон құқығы саласында жаңа атаумен «Оралмандар» ұғымы құқықтық айналымға ене бастады. Дегенмен, осы ұғым аясында қалыптасқан түсініктер қоғамда сан алуан. Тіптен жергілікті тұрғындар арасында оралмандарға деген көзқарастың өзі сан алуан сипатқа ие. Ал, біздің алдымызға қойған міндетіміз нормативтік құқықтық актілерде анықталған оралман ұғымына талдау жасау болып табылады.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарында елімізге табан тірей бастаған шет елдегі қазақ қандастарымыз тарихи отанына оралуға мүмкіндік алды. ҚР Көші-қон туралы заңында алғаш рет оралман ұғымына құқықтық анықтама берілді. ҚР-ның “Халықтың көші-қоны туралы” заңының 1-бабына сәйкес: «**Оралмандар** дегеніміз- Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерлерде тұрақты тұрған (1991жылдың 16 желтоқсанына дейін) және Қазақстанға тұрақты тұру мақсатында келген ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар»[1].



Оралмандар, басқа иммигранттар сияқты Қазақстан Республикасында өзінің тұрақты немесе уақытша тұрған жері бойынша тіркелуге міндетті.

**Қазақстан Республикасында оралман мәртебесін алған адамдарға кең көлемде жәрдемақылар көрсетіледі. Атап айтатын болсақ:**

- - Жұмысқа орналасуда, біліктілігін арттыруда және жаңа мамандықты игеруде көмек көрсетуді;
  - -Мемлекеттік тілде және өз еркі бойынша орыс тілін оқып үйренуге жағдай жасау;
  - -Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қарулы Күштер қатарында қызмет атқаруға шақыруды кейінге қалдыруды қамтамасыз етеді.
  - -техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде квота бөлуді;
  - -мұқтаж болғандарға мектептерден, мектепке дейінгі ұйымдардан, сондай-ақ әлеуметтік қорғау мекемелерінен орын беруді;
Согласно отчету, на европейских дорогах ежегодно погибают порядка 30 тысяч человек. Примерно четвертая часть всех смертей в дорожных авариях так или иначе вызвана алкоголем. Авторы доклада назвали пьяное вождение главной угрозой для дорожной безопасности. По данным одного из исследований, которое выявляло основные причины аварий на дорогах Евросоюза, пьяные водители виноваты в 24,4% аварий с пострадавшими и 31,7% аварий со смертельным исходом.

В рамках другого исследования 50 тысяч европейских водителей проверяли на наличие в их организмах 25 психотропных веществ, в том числе, алкоголя, определенных лекарств и наркотиков. Среди последних, самым популярным оказалась марихуана. [7]

Примеров тому очень много. Достаточно привести вопиющий случай, произошедший в России, в г. Москве, когда водитель, накануне, употреблял наркотики, перед самым выездом на линию, выпил бутылку водки, и в результате, не справившись с управлением, заехал на автобусную остановку, сбил ограждение и задавил насмерть 8 человек, среди которых были дети из интерната для одаренных детей. Они ехали после конкурса все с наградами. Вместе с детьми погибла их учительница и её муж, который помогал своей жене в её творческой работе. [2]

Можно сказать, что по вине пьяного мерзавца, «отморозка»- (как его ещё можно назвать) погибли одни из лучших людей общества. За 8 погубленных жизней водитель приговорен к 10 годам лишения свободы с отбыванием срока в колонии поселения, поскольку он совершил неосторожное преступление, а это самый большой срок лишения свободы согласно санкции статьи.

Нарушение правил дорожного движения и эксплуатации транспортных средств лицами, управляющими транспортными средствами, повлекшее причинение телесных повреждений, смерти или крупного материального ущерба, предусмотрено ст. 345 Уголовного Кодекса Республики Казахстан (далее УК РК) [8].

В действующем уголовном праве, данное преступление относится к преступлениям, совершенным по неосторожности. Это, также, касается и водителей, которые совершают ДТП в состоянии опьянения. И неважно, сколько будет жертв, более 10 лет он не получит лишения свободы, причем только в колонии поселения. Поскольку, согласно статьи 48 части 5 пункта «а» УК РК лицам, осужденным к лишению свободы, за преступления, совершенные по неосторожности отбывание наказания назначается в колониях - поселениях. И в дальнейшем, для «неосторожных» преступников уголовный закон дает послабления. К ним может быть применен акт амнистии, короче сроки погашения судимости и др. [8]

Справедливо ли это? Можно ли расценивать действия водителя совершившего ДТП в состоянии опьянения неосторожными?

Известно, что одним из принципов уголовного права Республики Казахстан является принцип справедливости. Он проявляется в обращенном к судам требования закона (статья 52 УК РК) назначать справедливое наказание с учетом характера и степени общественной опасности преступления личности виновного, в том числе его поведения и до и после совершения преступления, обстоятельств, смягчающих и отягчающих ответственность.

А так ли важно для общества, для жертв пьяных водителей, или для близких погибших в результате ДТП, как они погибли или от рук убийцы с ножом или от колес пьяного водителя. На наш взгляд этот вопрос риторический. Ответ очевиден. Но так ли ДТП, совершенное пьяным водителем неосторожно? Разве любой здравомыслящий человек, водитель, в данном случае, или, говоря юридическим языком, субъект преступления не понимает, что, если он будет находиться в состоянии опьянения, то он не сможет адекватно оценивать дорожную обстановку. И что результатом этого может быть трагедия.

Понимает. Не может не понимать вменяемый субъект. Но как он относится к возможным трагическим последствиям? Он относится равнодушно или сознательно допускает последствия.

Глава 2 ч. 4 « Общие обязанности водителей» Правил Дорожного Движения Республики Казахстан гласит: Водителю запрещается: 2) управлять транспортным средством в состоянии опьянения (алкогольного, наркотического и (или) токсикоманического); под воздействием лекарственных препаратов, ухудшающих реакцию и внимание; в болезненном или утомленном состоянии, ставящем под угрозу безопасность дорожного движения. [9]

Из этого следует, что если водитель перед тем, как сесть за руль автомобиля, употребляет средства, приводящие его в состояние опьянения, умышленно нарушает ПДД. Не может водитель, перед тем, как употребить спиртные напитки, находясь в здравом уме, исходя из здравого смысла и психофизических данных, рассчитывать на предотвращение им общественно опасных последствий при управлении транспортным средством в состоянии опьянения. Но он должен и обязан знать, что управлять транспортными средствами в состоянии опьянения запрещено.

На наш взгляд водитель, который управляет транспортом в нетрезвом состоянии и совершает ДТП, совершает его с косвенным умыслом, а не по неосторожности. Рассмотрим это исходя из постулатов уголовного закона РК.

С субъективной стороны данное преступление характеризуется неосторожной формой вины, которая проявляется в двух её видах: преступной самонадеянности или преступной небрежности. При совершении деяния с преступной самонадеянностью субъект предвидит наступление вредных последствий нарушения правил дорожного движения, или эксплуатации транспортных средств, но легкомысленно рассчитывает на их предотвращение. Этот расчет опирается на опыт вождения, хорошего знания участка дороги и т.п.

Напомним, согласно части 1 ст. 21 УК РК, преступлением, совершенным по неосторожности, признается деяние, совершенное по самонадеянности или небрежности. Часть 2 данной статьи гласит: «Преступление признается совершенным по самонадеянности, если лицо предвидело наступление общественно опасных последствий своих действий (бездействия), но без достаточных к тому оснований легкомысленно рассчитывало на предотвращение этих последствий.[8]

Преступная самонадеянность по интеллектуальному моменту имеет некоторое сходство с интеллектуальным моментом прямого, и, особенно, косвенного умысла. Волевой момент при самонадеянности характеризуется тем, что лицо, без достаточных к тому оснований, легкомысленно рассчитывает на предотвращение общественно опасных последствий своих действий. Расчет виновного на предотвращение вредных последствий своего деяния, предполагает всегда расчет на реальные конкретные обстоятельства, которые должны, по его мнению, предотвратить наступление последствия. Обстоятельства, на которые рассчитывает субъект, могут иметь различный характер. Он может рассчитывать на себя, свои силы, ловкость знания, опыт и т.д. Рогов И.И. подчеркивает, что расчет не на реальные, конкретные обстоятельства, а на случайность исключают самонадеянность, а свидетельствует о косвенном умысле [10]

Рогов И.И., разъясняя понятие умысла указывает, что желание наступления вредных последствий или сознательное допущение их наступления, либо безразличное к ним отношение характеризует волевою сторону психической деятельности и образует волевой момент умысла. Для наличия умысла достаточно, чтобы виновный предвидел развитие причинной связи между совершенным деянием и наступившими последствиями в общих чертах. Не требуется, чтобы виновный в деталях представлял развитие причинной связи. Предвидение возможности наступления общественно опасных последствий означает, что эти последствия в силу различных обстоятельств могут и не наступить. Это может относиться к водителям, находящимся за рулем в нетрезвом состоянии. [10]

Определяя различие между прямым и косвенным умыслом, Рогов И.И. указал, что при прямом умысле, лицо предвидит, как возможность, так и неизбежность наступления общественно опасных последствий. При косвенном умысле лицо предвидит только возможность наступления общественно опасных последствий. При косвенном умысле виновный не желает наступления вредных последствий, однако, он их сознательно допускает, либо относится к ним безразлично. Сознательное допущение вредных последствий состоит в том, что виновный предвидит реальную возможность их наступления и не рассчитывает предотвратить их. Безразличное отношение к наступлению общественно опасных последствий означает проявление полнейшего равнодушия к наступлению указанных последствий, особого эгоизма и черствости виновного. При косвенном умысле общественно опасные последствия, входящие в состав преступления, не являются ни конечной, ни промежуточной деятельностью виновного, не являются также средством достижения каких-либо других целей. Они представляют собой побочный результат деяния виновного, направленного на осуществление каких-либо преступных или неприступных целей виновного. Общественно опасные последствия в преступлениях, совершаемых с косвенным умыслом, не вытекают из мотивов действий виновного, не нужны ему. Ради достижения поставленной конкретной цели лицо мирится с возможностью наступления этого побочного результата. Самонадеянность и косвенный умысел отличаются, главным образом по волевому моменту. При косвенном умысле виновный, хотя и не желает, но сознательно допускает наступление вредных последствий, либо относится к ним безразлично. При самонадеянности отсутствует, как желание, так и сознательное допущение наступления вредных последствий, либо безразличное к ним отношение. Волевой момент при самонадеянности заключается в том, что лицо рассчитывает на предотвращение вредных последствий. От легкомысленного расчета на предотвращение вредных последствий, основанного на реальных, конкретных обстоятельствах, необходимо отличать расчет на случай, на «авось», то есть такой, который не основан на реальных обстоятельствах. Расчет на случай, на «авось» является сознательным допущением вредных последствий, то есть составляет волевой момент косвенного умысла.[10;] Все это в полной мере относится к лицам, которые совершают ДТП находясь в состоянии опьянения.

Давайте подумаем, размышляет ли лицо, которое садится за руль транспортного средства, находясь в состоянии опьянения, о том что он может совершить дорожно-транспортное преступление? Знает ли он, что у человека, который находится в состоянии опьянения реакция гипертрофированная, замедленная и что адекватной реакции на дорожную ситуацию пьяный водитель проявить не может в силу психо-физических свойств организма человека. Должен размышлять, думать и знать. Разумеется, если водитель уже находится в состоянии опьянения, он мало об этом рассуждает, если рассуждает вообще. Скорее всего, в нем просто существует желание управлять транспортным средством и двигаться к намеченной цели. То есть к последствиям, которые могут произойти, он относится равнодушно. Объективно, пьяный водитель не может быть уверен в том, что в таком состоянии, он избежит общественно-опасных последствий. Следовательно, равнодушно относясь к последствиям своего деяния, он совершает преступление с косвенным умыслом. Поскольку в статье 20 УК РК. указано, что преступление признается совершенным с косвенным умыслом, если лицо осознавало общественную опасность своих действий (бездействия), предвидело возможность наступления общественно опасных последствий, не желало, но сознательно допускало наступление этих последствий, либо относилось к ним безразлично. На наш взгляд, должно быть именно такое определение субъективного отношения водителя находящегося в состоянии опьянения к тем общественно опасным последствиям, которые могут произойти из-за его состояния (субъективной стороны такого преступления).

Тот факт, что водитель, управляя, автотранспортом в нетрезвом состоянии, умышленно нарушает «Правила дорожного движения» не требует доказательств. И если это

нарушение Правил повлекло последствия, указанные в ст. 345 УК РК, то его деяние следует рассматривать, как преступление совершенное умышленно. Поскольку водитель действовал умышленно к деянию (то есть, к нарушению правил дорожного движения) и неосторожно к последствиям. А в ст. 22 УК РК указано, что такое деяние следует считать совершенным умышленно.

То есть мы утверждаем, что водитель, находящийся в состоянии опьянения, совершает преступление с косвенным умыслом, а не по неосторожности. В статье 18 УК РК указано, что лицо совершившее преступление в состоянии опьянения, вызванном употреблением алкоголя, наркотических средств или других одурманивающих веществ, не освобождается от уголовной ответственности.

Исходя из вышеизложенного полагаем, что в Уголовный Кодекс Республики Казахстан, следует ввести новую статью, касающуюся водителей совершивших ДТП в состоянии алкогольного или наркотического опьянения и считать её умышленным преступлением.

### **Литература:**

1. Сайт Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК.
2. Казинформ, 20 января 2014 года <https://ustinka.kz/proisshestviya/8249.html#hcq=R7A7i5q>
3. Информационный портал «Казинформ»
4. Казахстанская правда, 26 июля 2013 г.
5. Агентство международной информации «Новости-Казахстан»
6. Программа Правительства РФ «Повышение безопасности дорожного движения в 2013-2020 г.г.»
7. Доклад Европейского центра по мониторингу за наркотиками (EBDD)
8. Уголовный Кодекс Республики Казахстан, изд. Норма-К, 2016 г.
9. Правила Дорожного Движения в РК, изд. Норма-К, 2016 г.
10. Уголовное право Казахстана, (общая часть), учебник для ВУЗов под ред. Проф. Рогова И.И., проф. Рахметова С.М., изд. Норма-К, 2006 г.
11. Уголовное право Казахстана, (особенная часть), учебник для ВУЗов под ред. Проф. Рогова И.И., проф. Рахметова С.М., изд. Норма-К, 2006 г.

**Мейрбекова Г.Б.**

*ассоцир. профессор кафедры государственных  
и гражданско-правовых дисциплин  
КазНПУ имени Абая*

**Абдрахманов Р.З.**

*старший преподаватель  
кафедры «Право» университета «Нархоз»*

## **АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ОҢАЙЛАТЫЛҒАН (ЖАЗБАША) ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МАҢЫЗЫ**

Қазақстан Республикасының Президентінің «100 қадам 100-нақты іс» бағдарламасының 26-қадамында: «Сот ресімдерін оңайлату және сот процестерін жеделдету үшін азаматтық-құқықтық даулар жөніндегі соттарға прокурордың қатысуын қысқарту. Азаматтық іс жүргізу кодексіне тиісті өзгертулер енгізу»[1]- деп нақтылай көрсетілгендіктен, елімізде көптеген заңнамалар толықтырылып, өзгерістер енгізілді. Сондай-ақ, біраз

кодекстер жаңадан қайта қабылданды. Соның бірі бұрынғы 1998 жылдың 13 шілдесінде қабылданған ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі, 2015 жылдың 31 қазанында ҚР азаматтық процестік кодексі болып қайта қабылданды, 2016 жылдан бастап күшіне еніп, қолданысқа енгізілді. Негізі, сол кездердің өзінде теория бойынша Азаматтық іс жүргізу кодексі деп көрсетілгенімен практикада қолданыста, Азаматтық процессуалдық кодекс деп көп аталатын. Сондықтан болар, осы жолғы қабылданған кодекс «ҚР Азаматтық процестік кодекс» деп аталуы тек қана іс жүргізушілер ғана емес жай қарапайым адамдарға да айтылуы қысқа әрі нұсқа әрі түсінікті болды. Өйткені «процесс» термині іс жүргізу дегенді білдіреді

Қолданыстағы азаматтық іс жүргізу заңдарына қарапайымдандырылған өндірісін енгізу өте орынды және тәжірибелі дәлелденген. Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінде бекітілген жаңа іс жүргізу азаматтық істің сипаты мен күрделілігіне, дәлелдемелердің мазмұнына, сапасына байланыссыз барлық сатыны өту процедурасы қарапайымдандыруды, процессуалдық форманы жеңілдетуді талап етті. Қарапайымдандырылған процедураны енгізу соттың азаматтық істердің біразын тез қарастыруын мақсат етіп, бұзылған құқықтар мен қорғалатын заңды мүдделердің тиімді қорғалуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексіне жаңадан кіші бөлімдер енгізілді. 1-кіші бөлімі оңайлатылған жазбаша іс жүргізу ол 2- екі тараудан тұрады, осы кіші бөлімнің бірі - бұйрық арқылы іс жүргізу. Ол бұрынғы Азаматтық іс жүргізу кодексіне 2002 жылғы өзгерістермен толықтырулармен енген болатын.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексіне 13-тарау оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу деп аталады және 144 баппен 147 бап аралығын небары 4-ақ бапты қамтиды [2].

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу дегеніміз не? Оның басқа іс жүргізуден айырмашылығы, ерекшеліктері, ұқсастықтары неде? - деген сұрақтар туады.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізудің мақсаты – істерді тез арада жедел шешу болып табылады. Негізі, бұл іс жүргізуге де Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 17 таруының, яғни «талап қою бойынша іс жүргізудің қағидалары, ережелері мен ерекшеліктері қолданылады».

Мысалы, талап қою бойынша іс жүргізу, талап арыз қабылданғаннан кейін 5 күн мерзімде азаматтық іс қозғалса, 15 күннен кешіктірілмей азаматтық істі сот талқылауына әзірлеуіне жүргізілуі қажет. Дайындау аяқталған күннен бастап 2 ай мерзімде сотта іс қарау, яғни сот талқылауы болады. Ал оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізудің ерекшелігі, судья істерді арыз қабылданған күннен бастап бас аяғы 1 ай мерзімде қарайды. Сондай-ақ, істерді оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізудің тәртібімен қараудың мерзімі ұзартылуға жатпайды және бұл сатыда істі талқылауды кейінге қалдыру ережесі қолданылмайды. Өйткені, істі қарау мерзімі талап қою арызы қабылдап алған күннен бастап есептелінеді.

Бұл жаңа іс жүргізу бойынша іс, тарап өтінішхат бергенде, үшінші тұлғаның іске кіруі туралы өтінішхатты қанағаттандырылғанда, қарсы талап қойылып, ол қабылданғанда іс бойынша қабылданған сот актілері мен басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылуы мүмкін болғанда қозғалады.

Сонымен бірге, дәлелдемелерді олардың тұрған жерінде қарап- тексеру және зерттеу жүргізу, сараптама тағайындау немесе куәнің айғақтарын тыңдау қажет болса, сот істі талап қоюдың қағидалары бойынша жалпы тәртіппен қарайды және ол туралы ұйғарым шығарады. Ұйғарымда іске қатысатын адамдар жасауға тиіс әрекеттер мен осы әрекеттерді жасау мерзімі көрсетіледі.

Егер бір мерзімде бірнеше талап мәлімделіп, оның біреуі немесе одан да көбі оңайлатылған жазбаша іс жүргізу тәртібімен қаралатын істерге тән немесе, сондай-ақ, сот осы талапкерді жеке іс жүргізуде бөліп қарамаса, олар талап қою ісін жүргізу арқылы қаралады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 145 бабы оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын істердің тізімі берілген. Онда талап қою бағасы заңды тұлғалар үшін – жеті жүз айлық есептік көрсеткіштен, жеке кәсіпкерлер, азаматтар үшін екі жүз айлық есептік көрсеткіштен аспаса, ақша сомаларын өндіріп алу туралы талап қою арыздары бойынша іс қаралатыны көрсетілген. Егер бұл талапта талап қою бағасы көрсетілген сомадан асып кетсе оны азаматтық істер бойынша экономикалық соттардың соттылығына жататынын білеміз. Дегенмен, талап қою бағасына қарамастан, талап қоюшы ұсынған, жауапкердің ақшалай міндеттемелерін белгілейтін құжаттарға және (немесе) шарт бойынша берешекті растайтын құжаттарға негізделген талап қою арыздары бойынша осы бірінші сатыдағы соттардың қарауына, оңайлатылған істер бойынша қаралатыны тікелей көрсетілген.

Сонымен бірге, заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімдерді орындау туралы; «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен нотариус куәландырған дауды реттеу туралы келісімдерді орындау туралы; тараптардың тапсырма шарты бойынша адвокаттың немесе адвокаттар мен тараптардың қатысуымен «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес партисипативтік рәсім тәртібімен жасалған дауларды реттеу туралы келісімдерді орындау туралы және тағы басқа осы тәріздес істер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралады.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен іс қарау талап өндірісі тәрізді талап қою арызы бойынша қозғалады. Ол арыз Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 148-149 баптарына байланысты нысаны мен мазмұнына сай болуы керек және осы баптардың талабын сақтау қажет. Сот талап қою арызын іс жүргізуге қабылдау туралы ұйғарым шығарады, онда істің оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатындығын көрсетеді.

Сот тараптарды хабарландырып, жауапкердің өзі негіздейтін құжаттар мен дәлелдемелерді қоса беріп, он бес жұмыс күні ішінде талап қою арызына пікір (қарсылық) ұсынуы үшін мерзім белгілейді. Пікірге (қарсылыққа) оның көшірмелері талап қоюшыға жіберілгенін растайтын құжат қоса беріледі. Сот белгілеген мерзім өткеннен кейін сотқа келіп түскен пікір (қарсылық), дәлелдемелер және өзге де құжаттар, егер тарап оларды сот белгілеген мерзімде ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе және олар сот шешім шығарғанға дейін түссе, қабылданады.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын істердің тағы бір бұйрық өндірісіне ұқсастығы сот тараптарды шақырмай істі қарайды. сондай-ақ, хаттама жүргізілмейді. Бірақ, оның сот бұйрығынан ерекшелігі тараптар ұсынған құжаттарда баяндалған түсініктемелерді, қарсылықтарды және (немесе) дәлелдемелерді зерттейді және шешім қабылдайды. Ал бұйрық өндірісінде сот шешім емес бұйрық қабылдайды.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын іс бойынша қысқаша шешім шығарылады, ол Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің 19-тарауында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс. Талап өндірісі бойынша сот кеңесу бөлмесінен шыққанда қысқаша шешім шығарғанмен, бес жұмыс күні ішінде іске қатысушыларға толық шешімнің көшірмесін беруге міндетті. Толық шешім төрт бөлімнен, яғни, кіріспе, сипаттау, уәждеу және қарар бөліктерінен тұрса, қысқа шешім үш бөлімнен тұрады, яғни онда сипаттау бөлімі болмайды. Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі бойынша сот шешімінің көшірмелері тараптарға оның алынғанын тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдары пайдаланыла отырып жолданады не шешім шығарылған күннен бастап түпкілікті нысанда бес жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі.

Әрбір істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қараудағы негізгі мақсат – іс бойынша тараптарды сот отырысына шақырмай, сот отырысын өткізбей, олардың алдын ала

ұсынған дәлелдемелерін судьяның жеке, ішкі пайымын басшылыққа ала отырып шешім қабылдауына мүмкіндік туғызу.

#### **Әдебиеттер :**

1. <http://businessnews.kz/2015/05/uzdic-otyzdykka-aparar-100-nakty-kadam-tolyk-matini/>
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі, 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ- Алматы: ЮРИСТ, 2016-212 б
3. Б.Сарсенбаева. «Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу» <http://infozakon.com/news/cour>
4. Самал Алдаңғарова. Қоғам және заң Оңайлатылған іс жүргізу

**Қобдабаева Н.А**

қылмыстық құқықтық пәндері

және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы

**Абдулова Р.Б., Джанибекова А.М.**

азаматтық құқықтық пәндері кафедрасының аға оқытушылары

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ – АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ КЕПІЛІ**

Конституция – әрбір елдің заңдарының қолбасшысы, негізгі заңы Н.Ә.Назарбаев «Конституция біздің Тәуелсіздігімізді нығайтып, мемлекетті және бүкіл қоғамды берік етті» - деген болатын.

Қазақстан Республикасының конституциясы – демократиялық, өркениетті даму жолына түскен мемлекет пен қоғамның негізгі, басты нормативтік актісі. Конституция мемлекеттік және қоғамдық құрылысты, олардың ұйымдастырылуы және болашаққа бағдар ұстай отырып, қызмет ету принциптерін белгілейді. Онда адамның және азаматтың конституциялық мәртебесі, мемлекеттік билік пен мемлекеттің әлеуметтік базасының қайнар көзі ретіндегі адам мен азаматтың, бүкіл халықтың мәртебесі баянды етіледі. Мемлекет пен қоғамдық негізгі заңы ретінде Конституция бүкіл заң шығару ісінің қайнар көзі болып табылады. Басқаша айтқанда, барлық нормативтік актілер Конституцияның ережелеріне негізделіп қабылданады. Сондықтан оған басқа нормативтік актілерде кездеспейтін белгілер тән болады.

Конституция еліміздің ұлттық саяси-құқықтық жүйесінің мәйегі, мемлекеттілігі мен егемендігінің заңдық негізі, республиканың сөзсіз жетістіктері мен Елбасы көрсетіп берген өршіл мақсат-Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру жолында одан әрі үдемелі даму үдерісі арқа тірейтін іргетас болып табылады. Конституциялық Кеңес Төрағасы И.Рогов: 2015 жылы аталып өтетін Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығы өзара тығыз байланыста жатыр.

Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы» атты кітабында: «Конституцияны қабылдау қарсаңында ұзақ мерзімді қызу жұмыстар атқарылды. Көптеген конституциялар, әсіресе ХХ-ғасырдың екінші жартысында қабылдағандары мұқият сараптаудан өткізілді. 1995 жылғы Конституция тақыр жерде пайда болған жоқ. Егемен Қазақстанда конституциялық құрылыс орнату үшін бұрыннан жинақталған тәжірибелер, сондай-ақ біздің жағдайымызға сәйкес келетін ең прогресшіл шетелдік тәжірибелер барынша толық пайдаланылған еді», - деп көрсетті.

Әлемдік практика көрсеткендей, мемлекеттің халықаралық деңгейде және өз ішінде танылуы көп жағдайда осы елдің Негізгі Заңы қалай қабылдауында және қай деңгейде



орындалуына байланысты болып келеді. Бұл Негізгі Заң халықтың барлық санатының мүддесін ескеріп, мемлекеттік билік пен басқаруды ұйымдастырудың демократиялық қағидаларына, құқық үстiмдiгiне, жаппай танылған халықаралық стандарттарға және т.б. сүйенуі тиіс.

Жаңа тәуелсіз мемлекетімізді құрып, қазақ халқы елдегі мемлекет құрушы, бүкіл халықты топтастырушы ұйытқы ұлтқа айналды, сөйтіп, қазақ халқының төңірегіне барлық этностар біріге отырып, ортақ Отанымыз – тәуелсіз Қазақстанды орнықты инновациялық дамыту. Конституцияның негізгі мазмұны: «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз».

Қазақстан 130-дан астам этностардың және 17 конфессиялардың қастерлі ортақ үйі. Сұхбат және өзара түсінісу философиясы көпэтносты Қазақстандық қоғамның рухани келсімінің әдіснамалық және дүниетанымдық негізі болып табылады.[1]

«2050» Стратегиясы қоғамдық келісімді нығайту және сақтау мәселелеріне ерекше орын береді. Көпұлтты және көп конфессионалды қоғам жетістігінің түп қазығы ретінде барлық азаматтардың тең құқылығы мен олардың Отанымыздың гүлденуі үшін жалпы жауапкершілігі болып табылатын жаңа қазақстандық патриотизм жарияланды.

Конституцияда айқындалған мақсаттардан туындайтын Президент Жолдаулары мен сөйлеген сөздеріне, еліміздің бағдарламалық – стратегиялық құжаттарына сай, конституциялық материяның мазмұны жоспарлы түрде жүзеге асырылуда.

Мемлекеттік органдардың, қоғамдық институттар мен азаматтардың қызметі, халқымыздың бейбіт әрі тыныш өмір сүруі, ертеңгі күнге деген сенімділігі, халықаралық аренада Қазақстанның абыройының асқақтауы Конституцияда айқындалған құқықтық ережелерге арқа сүйейді, ал бұл Президент айқындайтын мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты халықтың ойынан шығып отырғанын білдіреді. Әлемдік тәжірибе мен ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан бұл үдірістердің тек құқық шеңберінде ғана өріс алуына қол жеткізді.

Қазақстанның тәуелсіздігі, ұлттық бірлігі, бейбітшілік пен келісім, зайырлы қоғам мен жоғары руханият, индустриализация мен инновация негізіндегі экономикалық өсім, Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғам, тарихтың, мәдениеттің және тілдің ортақтығы, ұлттық қауіпсіздік, әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаппай атсалысу секілді бұлжымас ортақ құндылықтарды қамтитын идеялық мазмұнға ие болды.

Конституцияның 1 бабында ең қымбат қазына – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп белгіленген. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес, адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Конституцияның 1,2 – тармағында адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады делінген. Яғни «Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады» (Конституцияның 12-бабы 3-тармағы). Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс (5 тармақ).

Конституцияда ең негізгі құндылық ретінде адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары белгіленген. Адамның құқығы болмаса, жалпы адамның өзі де өмір сүре алмайтындығы және рас. Конституцияның баптарының 3/1 адамның құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін бекітетіндігі жалпы мемлекет үшін адамның ең жоғарғы сатыда тұрғандығын көрсетеді. Конституцияға сәйкес ҚР-сы демократиялық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет.

Қазақстан Республикасы Конституциясының кіріспесі Ата Заңды қабылдаудың себептері мен мақсаттарын былай түсіндірген: «Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзіміздің еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып,

дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы тарихи жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы конституцияны қабылдаймыз». Ата Заңның бұл бөлігі саяси және идеологиялық тұрғыдан алғанда аса маңызды, өйткені осыдан келіп, мемлекеттіміздің мынадай негізгі мақсаттары туындайды.

- 1) Өзінің ең қымбат қазынасы ретінде адам және адамның өмірін, оның құқықтары мен бостандықтарын, оған мемлекеттік кепілдіктерді айқындап, бекіту;
- 2) Өз елінде және мемлекеттер арасында азаматтық бейбітшілікті, ынтымақтастық пен тату қарым-қатынастықтың әдістерін нақтыландырып бекіту;
- 3) Байырғы қазақ жерінде мемлекеттік бірлікті сақтау;
- 4) Республиканың егемендігін сақтап, ұстап тұру;
- 5) Қазақстан Республикасының демократиялық негіздерінің мызғымастығын бекіту.

Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекеттік ретінде орнықтыруды көздеп отыр, бірақ оны осы мақсатқа жетті деп айта алмаймыз, әлі де болса бұл мәселенің кедір-бұдыры өте – көп сараң жолдары баршылық. Бізде әлі де болса азаматтық қоғам қалыптаспаған, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесі салынбаған, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына шынайы кепілдік беру нығыздалынбаған.

Сондықтан да құқықтық мемлекет жөніндегі тұжырымдаманы дамыта түсу керек, оны қазіргі мемлекеттік-құқықтық шындықпен жанастыру – басты міндет.

Ұлттық құқықтық жүйенің жария құқық болсын, жеке құқық болсын, барлық базалық саласындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Олар әлемдік құқықтық кеңістікте болып жатқан замануи құбылыстар мен үдірістерге сай келетін ұлттық заңнаманың жаңа буынын қалыптастыруға бағытталған.

Құқықтық мемлекет жөніндегі конституциялық қағиданы қол жеткен табыс ретінде қарамай, бүкіл мемлекеттік жүйелерді ұйымдастыру мен жандандыруды мақсат деп тануымыз қажет. Түптеп келгенде қандай мемлекеттік құрғымыз келсе де (айталық, демократиялық, құқықтық, зайырлы, әлеуметтік) біз үшін бұлардың барлығы да ел Ата-заңына енгізілген жаналық, болашақ, үміт тек жанылыспай, сүрінбей өмір табалдырығынан өту азаматтық парызымыз деп қарауымыз керек. Сонымен қатар ол ҚР Президенттік басқару нысанындағы бір тұтас мемлекет екендігін айқындап берген.

Қазақстанның этникалық сан алуандығын ескере келе, біз қазақстандықтар туралы айтқанда ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев бастаған азаматтардың қалыптасқан және дамып келе жатқан мемлекеттік құқықтық қауымдастығын тілге тиек етеміз. Бүгінгі Қазақстан «демократия», «нарық», «құқықтық мемлекет» деген ұғымдар дәстүріне айналған мемлекет болып табылады. Әдетте мемлекеттің қарапайым эволюциялық жолмен дамуына кететін ондаған жылдарды Қазақстан тарих өлшемімен алғанда аз ғана уақыт ішінде басып өтті. Соның нәтижесінде жаңа саяси – құқықтық және әлеуметтік – экономикалық құрылым, мемлекеттік саясат және егеменді мемлекеттің қызметі мен дамуының стратегиялық бағыттары қалыптасты.

Демократияландыру процесінде мемлекеттік өкілет билігі институттары мен қоғамның саяси мәдениетін жетілдіру ерекше роль атқарады. Қазіргі қоғамдық дамуға тән нәрсе – қоғамның бірте-бірте неғұрлым ашық түсуі және адам құқықтарын құрметтеуге көбірек көңіл бөлінуі. Құқықтық мемлекет жағдайында, негізгі заң ретінде Конституцияның басымдығы сөзсіз қамтамасыз етіледі. Одан соң әрбір адамның, азаматтың, әртүрлі ұжымдар мен ұйымдардың бостандықтары мен құқықтық заң жүзіндегі кепілдіктері.

Республика қызметінің принципі ретіндегі қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық; әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және

шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы туралы нормалармен қисынды түрде байланысып отырады.[2]

Конституция республиканың әлеуметтік экономикалық дамуының құқықтық негіздерін – әлеуметтік бағытталған нарықтық экономиканы, кәсіпкерлік қызмет еркіндігін, меншік саналуандылығы мен барлық нысананың теңдігін баянды етті. Осы қағидаларды дәйектілігін жүзеге асыра отырып, Қазақстани бүгінде өз дамуының инновациялық өсу стратегиясына негізделген жаңа сатыға көтерілуде. Бұл бағыт бүкіл адамзат үшін өзекті мәселеге айналған болашақтағы және баламалы қуат көздері, «жасыл экономика» секілді салалардағы жаһандық экономиканы дамытуға деген қазіргі көзқарастарды білдіретін халықаралық ЭКСПО – 2017 көрмесінің Астанада өткізілуіне байланысты одан әрі жандана түсті. Экономикада жаңа салалар, бірінші кезекте, мобильді және мультимедиялық салалар, нано және космостық технологиялар, Робот техникасын, теңдік инженерия құру, сондай-ақ, өзіне мүше мемлекеттер дамудың жоғары деңгейін көрсетіп отырған Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бірқатар қағидаттары мен стандарттарын енгізу көзделуде.

Еліміздің қолданыстағы конституциясы әлемдік қоғамдастықта танылған жалпы адами және ерекше маңызы бар қазақстандық идеалдарға негізделген. Ол Қазақстан Республикасының толық заңдылығы танылуын, адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары оның ең қымбат қазынасы болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығуын қамтамасыз етуге мықты тірек болып табылады. Конституция еліміздің аумақтық тұтастығын, президенттік басқару нысанын, халық билігі қағидатын, басқару нысанын, халық билігі қағидатын, Негізгі Заң нормаларының ең жоғары заңдық күші мен тікелей қолданылуын, идеологиялық және саяси сан алуандылықты, жеке меншікке қол сұғылмауын, адамның және азаматтың халықаралық деңгейінде танылған құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік биліктің жаңа жүйесін, мемлекеттік рәміздері баянды етті.

Бұл ретте Елбасы бекіткен Құқықтық саясат тұжырымдамалары үлкен маңызға ие. Республика Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі Жарлығы мен бекітілген алғашқы Тұжырымдамада Конституцияның құқықтық идеялары Қазақстанда демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет институттарын орнықтыруға, бағытталған заңнамалық, ұйымдық және басқа шаралар арқылы іске асырылуы тиіс деп атап көрсетілген болатын.

Қазір қолданылып жүрген, 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында құқықтық құндылықтарды, конституцияның идеялары мен принциптерін, ең алдымен, мемлекеттік билік органдары мен оның лауазымы адамдарының қызметінде толыққанды іске асыру, бұл ретте Конституцияны тікелей қолданумен қатар, ағымдағы заңнама және құқық қолдану арқылы оның әлеуетін қамтамасыз ету конституцияның құқықтың негізгі міндеті ретінде айқындалған. Мемлекет басшысы тәуелсіздіктің елің-алаңында жарияланған, ұзақ мерзімді жеті басымдықты: ұлттық қауіпсіздікті, ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуын; шетел инвестицияларының деңгейі жоғары, дамыған нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсуді; қазақстан 30 мемлекет қатарына енуі.

Бұл билік мақсат Конституцияның кіріспесінен туындайды, онда Қазақстан халқының қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігін сезіне отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды қалайтыны туралы жазылған. Азаматтарға берілетін әлеуметтік кепілдік пен олардың жауапкершілігін көздейтін жаңа әлеуметтік саясаттың принциптері де Конституцияға негізделген.

Жалпы Ортақ, Еңбек Қоғамы идеясының түп негізінде Конституцияда роли етілген әркімнің еңбек ету бостандығы, қызмет түрі мен мамандығын еркін таңдау құқығы, кәсіпкерлік бостандық пен өз мүмкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін пайдалану

құқығы және тағы басқалар жатады. Конституция адамдардың әл-ауқатының қайнар көзі жасампаз еңбектен басталады деп есептейді.

Мемлекет әркімге қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай келетін еңбек жағдайына, ешбір кемсітусіз еңбегіне сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуына кепілдік береді. Осының бәрі жан-жақты ойластырылған әлеуметтік саясат жүргізуге мүмкіндік береді. Жоғары өмір сүру деңгейі мен оның сапасы-республикамыз дамуының нақты мақсаты болып табылады. Бұл ретте сапалы білім алуға, жоғары технологиялы медицинаға, саламтты өмір салтына, бұқаралық спортқа, қолжетімді баспанаға ерекше назар аударылады.

Бұл конституциялық жаңашылдық жоспарлы түрде іске асырылуда, аудандық маңызы бар қалалар мен ауылдардың әкімдеріне сайлау өтті. Жергілікті өкілді органдар барлығы болып елдегі бүкіл әкімдердің 91 пайызын баламалы түрде сайлап алды.

Парламент қабылдаған, жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты заң олардың өз функцияларын тиімді атқаруы үшін оларға қосымша өкілеттік пен қажетті қаржылық және өзге де ресурстар береді, сондай-ақ халықтың жергілікті мемлекет басқару органдарының қызметіне бақылау жасауын көздейді.

Ұлттық құқықтық жүйені одан әрі жаңғыртудың стратегиялық мақсаты Конституциямен үндес, жеке және жария құқықтың негізгі салаларының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, құқық қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру, Конституцияның құқық қорғаушылық әлеуетін одан әрі жүзеге асыруға бағытталған шаралар кешенін қабылдауды қажетсінеді.

Мемлекет пен қоғамның қызметі сыбайластықпен күресуге жұмылдырылған, бұл бағытта сыбайластыққа қарсы заңнама үнемі жетілдіріліп, мемлекет қызметті қайта іске қосу – жүргізілуде. Дәйектілікпен жүргізіліп отырған және алдын ала болжауға келетін сыртқы саясат-ұлттық мүддені ілгерілету, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту – Стратегияның маңызды басымдылығы болып табылады. БҰҰ бас асамблеясының Қазақстанды БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің мүшесі етіп сайлау туралы 2012 жылғы 12 қарашадағы шешімі Қазақстанның құқық үстемдігін қамтамасыз етудегі жетістіктерін дәлелдейді. Бұл шешім, сонымен қатар, мемлекетке адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары саласындағы жалпыға бірдей қабылданған принциптерді сақтау бойынша міндеттер жүктейді.

Бұл жаңашылдықтар өздігінен жұмыс істеп кете алмайды. Жүргізіліп отырған реформалар сәттілікпен аяқталуы үшін оларды жан-жақты, тереңінен түйсіну қажет. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамалары бүкіл мемлекеттік органдардың, азаматтық қоғам өкілдерінің, әрбір қазақстандықтың тізе қосып, жұмыла жұмыс істеуін қажет етеді.[3]

### **Әдебиеттер:**

1. Конституция – Қазақстан Республикасының берік тұғыры. Журнал «Заңгер» Б.Балтабеков №10, 2014, №19-20.
2. Қолбаева А. Қазақстан Республикасында сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту. Журнал «Заңгер» №5, 2014ж., б.28.
3. Сейдеш Б. Мемлекеттік билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік және тетемелік қағидасы жүзеге асырудағы Конституциялық бақылау органдарының атқаратын ролі (Заңгер №1, 2011, б.39).

**Сыздықова А. А.**  
*аға оқытушы, құқық магистрі*  
*халықаралық құқық кафедрасы,*  
*Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ,*  
*Алматы, Қазақстан*

## **АВТОРЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҚҰҚЫҚТАРДЫ БҮЗҒАНЫ ҮШІН ТУЫНДАЙТЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Біздің елімізде шығармашылық жұмыстармен айналысуға толықтай кепілдік берілген. Ол Қазақстан Республикасының негізгі Заңы Конституциясының 20 бабында: «Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады» деп айқын тұжырымдалған [1,5б]. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде мүліктік қатынастар теңдігі тайға таңба басқандай айқын көрініс тапқан. Мұнымен қоса азаматтық заңнамалардың негізгі принциптері, олармен реттелетін қатынастардың теңдігі, кез келген меншік түріне қол сұқпау, келісімдердің еркіндігі, азаматтардың жеке ісіне араласуға жол бермеу, азаматтық құқықтардың кедергісіз жүзеге асырылуын, бұзылған құқықтарды қалпына келтіруді қамтамасыз ету немесе сот арқылы қорғау зор маңызға ие. Осы қағидалардың барлығы да келісім жасаудың еркіндігіне, азаматтардың және заңды тұлғалардың өз мүдделеріне қатысты шараларды анықтауына негізделеді.

Мемлекеттік реттеуден бас тартып, экономиканы жаңа нарықтық жүйемен басқаруға көшу, сондай-ақ басқа бірқатар себептер интеллектуалдық қызметінің әртүрлі нәтижелеріне заңсыз шабуыл жасаумен байланысты қылмыстың жаңа түрлерінің пайда болуына әкелді. Қазіргі уақытта интеллектуалдық өнім рыногы ауқымды болып келеді. «тауардың» жалпы құны жүздеген миллиард, тіпті одан да көп доллармен есептеле бастады. Бұл рынокта дыбыс- бейнежазбалар, басқа мәліметтер тауар және компьютерлерде сақталатын мәліметтер базасы ретінде айналымға түседі. Аталған жағдайлар бұрын біздің мемлекетте кездеспеген еді.

Қазақстан Республикасында авторлық құқық - азаматтардың құқықтық институттарының бірі ретінде объективтік мағынада, бірінші ғылыми, әдеби және өнер туындыларын жасаудағы қарым- қатынасты, екіншіден, осы туындыларды қолдану тәртібін реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Ал субъективтік мағына бойынша авторлық құқық ғылыми, әдеби және өнер туындыларын шығаруда жеке мүліктік және мүліктік емес құқықтарының жиынтығы болып табылады. [2,8б].

Автор – шығармашылық еңбегінің нәтижесінде белгілі бір туындыны дүниеге әкелген тұлға. Мұндай туынды ғылым саласында, әдебиет саласында, өнер саласында, техника саласында болуы мүмкін. Осындай жаңа туынды дүниеге келген сәттен бастап, сол туындыға авторлық құқық пайда болады. Автордың өзі ойлап тапқан жаңа туындыға өзін сол туындының авторы ретінде танылу құқығы, және туындыны азаматтық айналымға жария түрде шығарса, оның даналарына автордың өз есімін тиісті түрде көрсету арқылы тануды талап ету құқығы, оған қол сұғуға жол бермеу, туындыны кез-келген жолмен бүлдіруге, бұрмалауға немесе өзге жолмен өзгертуге, сондай-ақ автордың ар-ожданына, беделіне нұқсан келтіретін басқа кез-келген қол сұғушылыққа қарсы әрекет ету құқығы (автордық беделін қорғау құқығы) болады. Авторды жоғарыда көрсетілген құқықтарынан айыруға болмайды. Бұған қоса, автордың немесе өзге құқық иеленушінің сол туындыны кез келген нысанда және кез келген әдіспен пайдалануға құқығы мүліктік құқық немесе айрықша құқық деп танылады. Автордың туындыны пайдалануға айрықша құқығы, туындыны өз қалауы бойынша кез келген уақытта, кез келген мақсатта қолдана алады [3,5б].

Авторлық құқық автордың бүкіл ғұмыры бойы және автор қайтыс болғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды. Бірақ, авторлық құқығын, оның есімінің құқығын және автордық беделін қорғау құқығын қорғауға шек қойылмайды.

Сабақтас құқықтар қойылымдарға, орындаушылықтарға, фонограммаларға, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларына оның мақсатына, мазмұны мен сапасына, сондай-ақ жеткізілу әдісі мен нысанына қарамастан қолданылады. Сабақтас құқықтардың субъектілері орындаушылар, фонограмма жасаушылар, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдары болып табылады. Жоғарыда аталған сабақтас құқық субъектілерінің де құқықтары болады, және бұл құқықтар заңға сәйкес қорғалады.

Ел мен елдің байланысы дамыған сайын, олардың өнері де бір-біріне ауысып отырады. Мысалы, шынайы көркем туынды, әдеби шығарма, музыка, сурет пен сәулет, талантты әнші, сахна шеберлерінің өнері даму барысында сол елдің рухани қазынасын байытады. Осындай қатынастардың дамуы зияткерлік меншік иесін анықтап, оны тудырушы ел мен пайдаланушылар арасындағы қарым – қатынастарды реттеу үшін, және осы саланы бір жүйеге келтіру үшін халықаралық заңдардың қажеттілігі туындады. Оның мысалы ретінде, әдеби туындылар мен көркем шығармаларды қорғайтын Берн конвенциясын айтуымызға болады. Осындай қатынастарды реттеу үшін еліміздің «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы қабылданды. Сабақтас құқық деп фонограммаларды орындаушы, өндірушінің, эфирлік және кабельдік көрсетілім ұйымының мүліктік құқығы және орындаушының жеке мүліктік емес құқықтары ретінде танылады.

Ғылыми, әдеби және өнер туындыларын қолдану аясын Берндік конвенцияның 2 бабы анықтайды [4.256]. Бұл конвенция тек қана туындылардың өзін емес, сондай-ақ туындылардың кейбір түрлерін орындауды қорғауды қарастыратын ескеру қажет. Бұл жағдай әбден түсінікті, себебі орындауды халықаралық деңгейде қорғау 1964 жылдан бастап Рим конвенциясының күшіне енгеннен кейін таныла бастады.

Негізінен авторлық құқық идеяларға, тұжырымдарға, принциптерге, әдіс-тәсілдерге, жүйелерге, процестерге, ашылуларға, фактілерге таралмайды. Азаматтық кодексында қандай да бір өзгертулерден туындыны қорғауды белгіленгенде, «автордың шығармашылық жекелігін, оның көзқарасын, ойларын, тілеулерін барынша қорғау» мақсатын көздеген. [3.286].

Беделін қорғау құқығы мен туындыға қол сұқпаушылық құқықтың арасындағы айырмашылық олардың объектілерінің әр түрлеріне негізделеді. Бұл екі құқық та жеке мүліктік емес құқық болып табылса да, олардың объектілері бөлек жеке болып табылады.

Біріншінің объектісі болып, ар-ожданы, қадір-қасиеті мен іскерлік (соның ішінде шығармашылық, ғылыми) беделі табылады. Автордың беделін қорғау құқығы «ол мазмұны бойынша азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-ожданын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау туралы жалпы азаматтық құқықпен ұқсас келген, бірақ олардың арасында кейбір айырмашылықтар бар (қорғау тәртібі, мерзімдері және т.б.)» [5, б.19-20]. Ар-ожданы, қадір-қасиетті іскерлік беделді қорғау Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің тиісті бабымен де қарастырылған.

Екінші құқықтың объектісі – туындыға қол сұқпаушылық құқық ол автордың туындыларында жүзеге асырылған шығармашылық жекелігі, ерекше айқындығы, бұл авторлық құқықтың объектісі болып табылады. Бірақ та, туындыдағы автордың саяси көзқарастары, ғылыми қорытындылары немесе моральдік қағидалары бұрмаланғанда, ол бір басқа. Бұндай жағдайда автор өзінің ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорғауды, соның ішінде «моральдық» зиянды өтеуді талап ете алады, және де туындының таралуына тыйым салу сияқты қорғау әдістерін қолдануы мүмкін. Бірақ, туындыға автордың ар-ожданы мен беделіне нұқсан келтірмейтін, оны бұрмалайтын өзгерістер енуі мүмкін. Көптеген өзгерістер «жақсарту» мақсатымен енгізіледі және туындыны жетілдіру ретінде қарастырылуы мүмкін. Бірақ қандай болсын өзгеріс, туындының өздігін бұзады.

Біріншісі, туындыны, оның атауын қоса өзгеруден қорғайды, ал екіншісі автордың келісімінсіз туындыға енгізуге болмайтын иллюстрация, алғы сөз, соңғы сөз, комментарии, қандай да бір анықтама сияқты туындыны пайдалануға әсер ететін, оған қатысты сыртқы элементтерге әсер етеді. Бұл тек туындыны шығару кезінде болады. Э.П.Гавриловтың ойынша, бұндай қамтамасыз етуге автордың келісімі, тек шығарылу кезінде ғана емес, ол туындыны қандай да бір басқа пайдалану кезінде де қажет. [6,с.12- 13].

Жоғарыда аталған авторлық құқық пен сабақтас құқықтардың біздің еліміздегі қорғалу мәселесіне тоқталайық. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы ҚР Заңында көзделген авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық, қылмыстық жауаптылық туындайды. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне бақылау жасауды уәкілетті орган жүзеге асырады. Зияткерлік меншік еліміздің әл – ауқатын дамытып, жетілдірудің бірден – бір қайнар көзі. Әркімнің өз құқығын қорғай білуі, еліміздің өркендеп өсуіне өз үлесін қосарына ешқандай дау тудырмайды.

Осындай жауапкершіліктердің ішінде біздің қарастыратынымыз қылмыстық жауапкершілік негіздері. Осындай авторлық құқықты бұзушылық үшін қылмыстық жауапкершілік мәселесі тікелей Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 6 тарауы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тарауында 198 бабында тікелей айқындалған: «авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану, сол сияқты авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерінің контрафактілік даналарын өткізу мақсатында иемдену, сақтау, алып өту немесе дайындау не авторлықты иемденіп алу немесе тең авторлыққа мәжбүрлеу» деп бекітілген.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау үшін қылмыстың құрамының элементтерін талқылау арқылы жүргізіледі. Қылмыстың әр құрамы төрт элементтен тұратындықтан, яғни бұл қылмыстың объектісі, субъектісі, объективтік жағы және субъективтік жағы болғандықтан, осы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 198 бабында диспозициясының қылмыстық- құқықтық сипаттамасын зерттеу осындай негіздерге сәйкес жүзеге асырылады. Осы авторлық және сабақтас құқықтарды бұзу объектісі болып материалдық емес объектілер жатады [6,с.12- 13].

Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы ғылыми, әдеби және өнер туындыларды, фонограммаларды, орындауларды, қойылымдарды, эфирлік немесе кабелдік көрсетілім ұйымының бағдарламаларын жасау немесе орындаумен байланысты туындаған қарым – қатынастарды реттейді.

Туындылар мен орындаулардың ерекшеліктерін талқылау біздің міндетке жатпайды, сондықтан Берн конвенциясымен, ТРИПС келісімімен және ВОИС келісімі шартымен авторлық құқық бойынша қорғалатын туындылар тізбесін ғана айқындап береміз, яғни авторлық құқық объектілеріне мыналар жатады: Авторлық және сабақтас құқықтар туралы Заңының 7 бабында айқындалған: 1) әдеби туындылар; 2) драмалық және музыкалық-драмалық туындылар, 3) сценарий туындылары; 4) хореография және пантомима туындылары; 5) мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындылар; 6) дыбыс-бейнежазу туындылары; 7) кескіндеме, мүсіндеме, графика және бейнелеу өнерінің басқа да туындылары; 8) қолданбалы өнер туындылары; 9) сәулет, қала құрылысы, дизайн және бау-саябақ өнері туындылары; 10) суретке түсіру туындылары және суретке түсіруге орайлас әдістермен жасалған туындылар; 11) карталар, жоспарлар, нобайлар, безендірулер және географияға, топография мен басқа ғылымдарға қатысты үш өлшемді туындылар; 12) ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар; 13) өзге де туындылар. [3.25б].

Сондай-ақ авторлық құқық объектілеріне :

-туынды шығармалар (аудармалар, өңдеулер, аннотациялар, рефераттар, түйіндеулер, шолулар, инсценировкалар, музыкалық аранжировкалар және ғылыми , әдеби және өнер туындыларының басқа да қайта өңдеулері);

-жинақтар ( энциклопедиялар, антологиялар, деректер базалары) және басқа да іріктелу және (немесе) материалдардың орналасу бойынша шығармашылық еңбек нәтижесі болып саналатын құрастырылған туындылар жатады («Авторлық құқық және сабақтас құқық туралы ҚР Заңының 7- бабы).

Өзінің туындыларына қатысты авторға жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар беріледі. Жеке мүліктік емес құқығының біріншісі- бұл туынды авторы танылу құқығы, осындай танылуды басқалардан талап ете алуы, ал екіншісі- бұл өз атын немесе лақап атын көрсету немесе көрсетпеу құқығының болуы [3,12].

Авторға жеке мүліктік емес құқық негізінен берілген. Оған сондай- ақ туынды авторы болып тану құқығы, туындыны қолдану немесе қолдануға рұқсат беру құқығы, өңдеу немесе туындыны өңдеуге рұқсат беру құқығы жатады. Автордың мүліктік құқықтарына туындыны өндіру, туынды таралымдарын тарату, көпшілікке жария етіп, көрсету, көпшілік алдында орындау, туындыны аудару, өзгерту, аранжировка жасау немесе туындыны басқаша қайта өңдеу және басқа құқықтар жатады. Интеллектуалдық меншік материалдық емес объектілерді қорғаудың құқықтық режимін орнатқандығын, яғни материалдық объектіге қатысты меншік құқығы сияқты материалдық емес объектілер аталған функцияларды атқарып, субъектіге (құқық иесіне) шаруашылық айналымға объектіні енгізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін шексіз құқық беретіндігін айқындай кету керек.

Сонымен қатар авторлық құқықтың заты болып туындылар танылады. Бұл жерде автордың туындыларының жұмысының нәтижесі, адам миының ойлау қабілетінің өнімі жөнінде айтылуда. Дегенмен, бұл нәтижені қорғауға оны объективтік қалыпта көрсету кезеңінен бастап алады. Мұнда шығармашылық жұмыстың барлық нәтижесін қорғайтын авторлық құқықтың әмбебаптылығы көрінеді.

Авторлық және сабақтас құқықтарды бұзу қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы: - ең алдымен бірінші белгісін қарастырайық. Яғни бірінші белгісі болып авторлық және сабақтас құқықтардың объектілерін авторлықты иемденіп алу табылады.

Авторлық құқықтың объектілерін авторлықты иемденіп алу деп автордың келісімінсіз оларды пайдалану, яғни туындыны жариялау, өндіру және тарату, қайта өңдеу, туындының өзіне, атауына және автор атына өзгерістер енгізу; туындыны безендендіру, кіріспе, қорытынды немесе түсініктеме енгізу; автор туындыларын басқа тілге аудару, басқа тұлғаларға оны қолдануға беру; авторлыққа мәжбүрлеу танылады. Бейнекассеталарға қатысты авторлық, яғни авторлардың ат беру құқығы негізінен бұзылмауы тиіс, сондай- ақ авторлардың өздері, бейнефильмдерде рөлдерді сомдаушы, режиссерлерді және басқаларды ( бейнеконцерттер, бейнеклиптер т.б.) қосқанда өздерінің авторлық сыйақы алуынан басқа, авторлық келісім – шартқа сәйкес белгілі уақытқа өздерінің авторлық құқығын бейнекомпанияларға бере алады. Ал өз кезегінде соңғылар құқықты өздерінің өкілдеріне таралымға беруі мүмкін. [7.32б].

Осындай нақты жағдайда бейне туындыларды жасау ерекшелігін ескере отырып, авторлық құқықтың объектілерін авторлықты иемденіп алу деп жеке тұлғамен, тіпті кез келген заңды тұлға атынан нақты бір құқық иеленушінің бейне өнімі ретінде бейнекассеталарын дайындау, таралымға жіберу және таратуға деген құқығын заңсыз пайдалану түсіндіріледі. Бұл факт интеллектуалдық меншік өнімін таралымға беріп, таратудың жоғарғы кірістік пайдасы көптеген мемлекеттерде қылмыстың элементтеріне ене бастады.

Аталған бейне өнімді таралымға жіберіп, таратудың арнайы рұқсаты немесе құқық иеленушінің ерекше сенімхатының болмауы авторлық құқықты бұзу болып табылады. Бұл «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР-ның Заңында тікелей айқындалғандай, авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектісінің контрафактілік данасы – жасалуы, таратылуы немесе өзгедей пайдаланылуы осы Заңның ережелеріне не Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына орай авторлық құқықтың және (немесе) сабақтас құқықтардың бұзылуына әкеп соғатын туындының,



жазылған орындаушылықтың, фонограмманың, эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдары хабарының данасы. Құқық иеленушінің рұқсатынсыз құқықтарды басқару туралы ақпараты жойылған немесе өзгертілген не авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды қорғаудың техникалық құралдарын айналып өтуге мүмкіндік беретін заңсыз пайдаланылатын құрылғылардың көмегімен жасалған авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілері де контрафактілік болып танылады [3,б.12].

Заңсыз өндіру немесе дайындау деп барлық жазба түрлерінің көмегімен оларды контрафактілі түрде қайталауды, яғни материалдық заттағы жазба таралымдарын (көшірмелерін) дайындауды айтады, «Контрафактілі» сөзі (contrefaçon – француз сөзі) интеллектуалдық меншік құқығын бұзуды білдіреді және Қазақстанда құқықты қолдану тәжірибесінде авторлық құқық және сабақтас құқықты бұзушы ретінде қолданылады. Соңғы уақытта «контрафактілі» термині ретінде «қаракшылық» танылып жүр. Ол «piracy» ағылшын сөзінен- интеллектуалдық меншік құқығын бұзушы ретінде танылады. «Контрафактілі» туындылар мен фонограммалар туралы тағы бір айта кететін жағдай – бұл туындылардың, фонограммалардың контрафактілі өнімі міндетті түрде Қазақстан аумағында дайындалуы шарт емес. Мысалы, «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР-ның Заңының 48- бабының 4 тармағына сәйкес туындылар және фонограммалардың контрафактілі таралымдары болып мына жағдай танылады. Қазақстанға авторлық және сабақтас құқық иесінің келісімінсіз басқа мемлекеттен импорттау. Бұл жерде туындылар және фонограммалар қоғам игілігі ретінде танылатындығын түсіну керек, ал қазақстанға импорттау құқық иеленушінің келісімінсіз жүзеге асырылады. Аталған контрафактілі тауарды негізінен Қазақстан жеріне контрабандалық жолмен енгізеді. Сондықтан осындай қылмыстық әрекеттерді тек қана ҚР ҚК 198- бабымен ғана емес, сонымен қатар ҚР ҚК-ң 234 - бабы бойынша («Контрабанда») реттеу қажет. [6.156].

Сабақтас құқықтың объектілерін заңсыз қолдануды аудиокассеталарға және компакт-дискілерге қатысты қарастырайық. Жоғарыда атап өткендей, «контрафакт» түсінігі фонограммаларға да, яғни оның ішінде көрсетілген объектілер- аудиокассеталар мен компакт – дискілерге де қатысты. «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР-ның Заңы сабақтас құқық әрекет саласын фонограмманы «орындаушы» және «өндіруші» деп бөледі. Орындаушы- әрқашан жеке тұлға, ал өндіруші болып жеке тұлға да, заңды тұлға танылады. Дегенмен, орындаушыларда өңделген жазбаны тарату құқығы болмайды.

Автордың жеке құқығы, қарастырылып отырғанға ұқсастық, авторлық-құқықтық заңдарда және басқа бірқатар мемлекеттерде бар.

Мысалы, Францияның заңының 19-шы бабында «тек автордың өзі ғана өз туындысын жария етуге құқылы» деп бекіткен және, одан басқа, «ол туындыны жария етудің әдісі мен жағдайын белгілейді».

Автордың жеке құқықтарының қатарында, ГФР-ң §12-де, халықа жария ету құқығын, «оның туындысы жариялана ма? және қандай әдіспен жарияланатындығын автор өзі шешуге құқылы» (1-тармақ) және, одан басқа, «автордың келісімімен туындыны халыққа жария етпес бұрын, немесе оның мазмұнын жеткізбес бұрын, авторда өз туындысының мазмұнын халыққа айту немесе беру құқығы сақталады» (2-тармақ).

Жапония заңы моральдік құқықтар арасында туындыны халыққа танымал ету туралы авторлық құқықты қарастырған. Бұл заңның 18-ші бабына сәйкес автор әлі халыққа танымал болмаған туындысын, халықа танымал етуге немесе оны ұсынуға құқылы (бұл автордың келісімінсіз халыққа танымал болған туындыларға да қатысты). Дәл осындай құқықты автор, әлі халыққа танымал болмаған, оның шығармаларынан туындаған шығармаға қатысты да иеленеді.

Кейбір заңдарда (мысалы Франция және Жапония) тек қана автор барлық жағдайда жария етуге байланысты сұрақты шешуге құқылы делген. Бұндай жағдай, дыбыс туындыларына жиі қарастырылады.

Халықаралық конвенцияларда халыққа жария ету құқығына ұқсас қандай да бір құқық көрсетілмеген. Берндік конвенцияға мүлдіктік емес құқықтар туралы ережені қосу кезінде (1928ж) «туындыны жарыққа шығару мүмкіндігін шешу құқығын» қарастыру туралы ұсынылған, ол сондай-ақ «жариялауға құқық» деп те белгілі. Бірақ бұл сұрақты талқылауда, әр түрлі мемлекеттерде бұл құқыққа қатысты әр түрлі ұсыныстар болғандықтан, пікірлер бөлініп кетті де бұл құқықты қосу туралы қолдау таппады, ал әрі қарай бұл қаралмаған.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік құқығы, тікелей диспозицияда бекітілгендей : авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерінің контрафактілік даналарын өткізу мақсатында жасалады.

Субъектісі: 16 жасқа толған есі дұрыс кез келген жеке тұлға болады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе авторлық құқықты бұзу қылмыстық құқық бұзушылықтарын саралау барысында көптеген келеңсіз жағдайлар орын алуда. Сондықтан қылмыстық құқық бұзушылықты саралауда қосымша баптар қосылуды қажет етеді. Қазіргі таңда авторлық құқықтар мен сабақтас құқықтарды бұзылғандығы үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту маңызды болып табылады. Қоғамда авторлық құқықтың объектілерін қорғау заңмен реттелінгенімен де кейбір мәселелері толық дәрежеде қамтамасыз етілмеген. Соның ішінде авторлық құқық және сабақтас құқықтарды бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту барысында Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіндегі баптар толық деңгейде жеткіліксіз болуда. Сондықтан қылмыстық жауаптылық шеңберін кеңейту қажет. Осындай қатынастардың дамуы зияткерлік меншік иесін анықтап, оны тудырушы ел мен пайдаланушылар арасындағы қарым – қатынастарды реттеу үшін, және осы саланы бір жүйеге келтіру үшін халықаралық заңдардың қажеттілігі туындауына байланысты халықаралық нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру қажет. Соның ішінде Қылмыстық заңнамаға қосымша баптар енгізілгені дұрыс болар еді деп ойлаймыз. Сол арқылы азаматтардың авторлық құқықтарын бұзушылықтардың алдын алудың бір құралы болып табылар деп үміттенеміз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. -А., 2016ж.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. -А., 2016ж.
3. «Қазақстан Республикасының Авторлық және сабақтас құқықтары туралы» Заңы. - А., 2015ж.
4. «Әдебиет және көркем әдебиет шығармаларын қорғау туралы» Берн Конвенциясы.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. -А., 2016ж.
6. Сергеев А.П. Право интеллектуальной собственности в Р.Ф. – М., 2006.
7. Казаков Ю.В. «Защита интеллектуальной собственности». М – 2008.

**Шаменова Ш. Ж. - заң магистрі,  
Кадыров Ж. Б.  
Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау мемлекеттік университеті  
Атырау қ.**

### **ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ ИНСТИТУТЫ, ОНЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақстан Республикасында әлеуметтік-экономикалық жүйелердің орта қарқынмен дамыған бөлімдерінің бірі – сақтандыру жүйесі. Бүгінгі таңда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне кіретін жеке тұлғаларға әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына

бөлінген төлем иелеріне қатысты мәселелердің толыққанды шешілмегендігі, қазіргі кездегі шешімін таппаған өндірістегі мүгедектік мәселелердің болуы және зейнетақымен қамтамасыз ету түрлерінің өзгеруінің барлығы да – мемлекет тарапынан дұрыс реттеуді қажет ететін әлеуметтік-экономикалық мәселелер болып табылады. Әлемнің тиімді дамып келе жатқан 30 елінің қатарына енуі үшін мемлекет халықты әлеуметтік сақтандырудың деңгейі мен сапасын жақсарту нәтижесінде Қазақстан азаматтары үшін өмір сүрудің жоғары стандарттарын жасауы тиіс. Ол үшін халықтың экономикалық және әлеуметтік жағдайларының маңызды құраушыларының бірі – сақтандыру жүйесі әрі қарай қарқынды дамып, бәсекелестікке қабілетті болуы керек. Бұл қазақстандықтардың әлауқатын жақсартуға мүмкіндік береді.

Халықты әлеуметтік қамсыздандыру әрбір мемлекеттегі әлеуметтік саясаттың маңызды да басты басымдықтарының бірі болып қала береді. Әлемдік қаржылық дағдарыс кезеңінде әрбір елдегі жүргізілетін тиімді әлеуметтік саясат бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осы әлеуметтік қатерлердің негізгі түрлері, сақтандырудың ұлттық моделдері, қазіргі заманғы әлеуметтік қамсыздандыру жүйелері мен моделдердің тұрақтылығы және икемділігі сияқты тақырыптар, негізгі әлеуметтік кепілдіктер мен қаржылық-экономикалық дағдарыс жағдайындағы адам құқығы, сақтандырудың тұрақтылығы мен теңбе-теңдігі, жұмыспен қамту және жұмыссыздықтың алдын алу, әлеуметтік серіктестік және мемлекет, жұмыс беруші және қызметкерлер арасындағы әлеуметтік жауапкершілікті бөлу жағдайлары талқыланды.

«Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап республикада міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізілген. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізудің негізгі мақсаты – әлеуметтік қатер тууы: жұмыс қабілетін жоғалту, асыраушысынан айрылу және жұмыстан айрылу нәтижесінде жоғалтқан кіріс бөлігін өтеу болып табылады.

Жұмыс істейтін азаматтардың әлеуметтік кепілдіктері мен қорғалуы үшін негіз қалау және жұмыс берушілердің өндірістегі бақытсыздық жағдайларының алдын алудағы, өндірістегі еңбек ету жағдайы мен қауіпсіздігін жақсарту мәселелеріндегі, сондай-ақ заңды тұлғаның қызметін тоқтатқан жағдайда қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу мәселесін реттеудегі мүдделілігін арттыру мақсатында «Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру – еңбек ету қабілетінен айрылуына және (немесе) жұмысынан айрылуына, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына, жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне орай табысынан айрылуына байланысты кірістің бір бөлігін өтеу үшін мемлекет ұйымдастыратын, бақылайтын және кепілдік беретін шаралар жиынтығы[1].

Халықты әлеуметтік қорғаудың негізділігі мен біріздендірілуі ғылым мен практика тарапынан жеткіліксіз зерттелген. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы сақтандырудың әдіснамасын, нысандары мен тәсілдерін ғылыми-баламалы тұжырымдама арқылы әзірлеу Қазақстанның негізгі проблемаларының бірі болып табылады, өйткені оны шешу мемлекеттің келешектегі әлеуметтік қана емес, экономикалық өсуіне де жағдай жасайды. Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғау жүйесіндегі міндетті әлеуметтік сақтандыру қорларының қаржыларын тиімді қолдану проблемалары да ғылыми ізденістердің шеңберінен тыс қалып отыр.

Осыған байланысты әлеуметтік құқық жүйесіндегі сақтандыру институты сақтандырудың заңдылық базасын, қаржыландыру жүйесі мен субъектілердің құқықтық қатынас жауапкершіліктерін жетілдіруді қажет етеді. Әлеуметтік-экономикалық дамудағы тұрғындардың әлеуметтік жақсаруына бағытталған сақтандыру жүйесінің даму заңдылықтарын зерттеудің қажеттілігімен негізделеді.

Бүгінгі таңда әлеуметтік сақтандыру жүйесі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың маңызды және қажетті элементтерінің бірі болып табылады. Республикадағы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің негізін айқындайтын заңнамалық база жасалған. Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және 25.04.2003 жылғы Қазақстан Республикасының Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы №405 Заңы мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады[2].

Сақтандырудың басқа түрлерінен (мүлікті, көлікті және т.б. сақтандыру) оның принципті айырмашылығы, ол еңбек қызметіне араласа алмауы себепті материалдық қамтамасыз етілмеуден азаматтарды қорғауды қамтамасыз етеді. Сондықтан, әлеуметтік сақтандырумен ең бірінші өмір сүрудің негізгі көзі еңбек ақысы немесе табысы болып табылатын өз еңбегі арқасында өмір сүріп жүрген жалдамалы жұмысшылар қамтылған. Осылайша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі деп мемлекет белгілейтін және кепілдік беретін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасындағы қатынастарды реттейтін нормалар мен ережелер жиынтығын айтамыз.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру мынадай түрлерге бөлінеді [3]

- 1) еңбек ету қабілетінен айрылған жағдай;
- 2) асыраушысынан айрылған жағдай;
- 3) жұмысынан айрылған жағдай;
- 4) жүктілігіне және босануына байланысты табысынан айрылған жағдай;
- 5) жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айрылған жағдай;
- б) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдай.

Әлеуметтік сақтандыру мемлекеттің әлеуметтік саясатын іске асыру механизмі болғандықтан өзіне тән мынадай белгілерімен сипатталады: әлеуметтік сақтандыруды қаржыландыру жұмыскерлердің, қызметкерлердің, жұмыс берушілердің және мемлекеттің қатысуымен қалыптастырылған қордан жүзеге асырылады; әлеуметтік сақтандыру аясындағы сақтандыру төлемдерінің мөлшері белгілі бір дәрежеде пайда алушының (табыс табушының) еңбек ету үлесінің шамасына және оның сақтандыру құқықтық қатынасына қатысуы мерзіміне (қысқалығына не ұзақтығына) байланысты болады; әлеуметтік сақтандыру қорлары, оларды басқаратын сақтандыру ұйымдары коммерциялық емес ұйым мәртебесіне ие болады; әлеуметтік сақтандыру қорлары қоғамдық пайдалы еңбек ету аясындағы азаматты (адамды, жеке тұлғаны) белгілі бір сақтандыру оқиғасының туындауына орай аталмыш аядан тұрақты немесе уақытша қол үздіретін келеңсіз жағдайға қатысты мемлекет қаржылары және ұйымдар мен азаматтардың сақтандыру жарналары (сыйлықақылары) есебінен қалыптастырылады; әлеуметтік сақтандыру қорларының жұмыс істеу ауқымы тиісті заңнамалық актілердің және лицензиялау – рұқсат беру жүйесінің реттеуші әлеуметімен қамтылатындықтан қатаң мемлекеттік реттеу ықпалының аясында болады; мемлекет әлеуметтік сақтандыру қорларының түрлерін, оларды қалыптастыру көздері мен тәртібін, нысаналы бағытын және қолдану саласын заң жүзінде нақтылы айқындайды. Бүгінде әлеуметтік сақтандыру функцияларына кепілдендіру функциясы, экономикалық функция, реттеуші функция, жинақтаушы функция, сондай-ақ инвестициялық функция жатады. Әлемдік сақтандыру практикасында осы әлеуметтік сақтандыруды ұйымдастырудың орталықтандырылған моделі (Ұлы Британияда, Италияда, Скандинавия елдерінде, Ресейде, Қазақстанда), орталықсыздандырылған моделі (Жапонияда, АҚШ-та) және кумулятивтік (жинақтаушы) моделі (Францияда, Швейцарияда, Германияда) пайдаланылады. Сонымен бірге қандай болмасын елдегі әлеуметтік сақтандыру болмысы міндетті және ерікті әлеуметтік сақтандыру нысанында көрініс табады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру тиісті жұмыскерлердің еңбек ету қабілеттілігін жоғалтуы, отбасы мүшелерінің асыраушысын жоғалтуы, сондай-ақ тиісті тұлғалардың жұмысынан айырылуы жағдайына байланысты олардың экономикалық мүдделерін қамтамасыз

етуді заң жүзінде көздейді. Міндетті әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік әлеуметтік сақтандырудың бір түрі ретінде сақтандырылушыны әлеуметтік қорғауды және сақтандыру субъектілерінің кәсіби тәуекелдерді төмендетуге деген экономикалық мүдделілігін қамтамасыз етуді, сақтандырылушының өміріне және денсаулығына келтірілген залалды толық көлемде өтеуді, сондай-ақ өндірістік жарақаттануды және кәсіби ауыру түрлерін азайту жөніндегі алдын алу шараларын қамтамасыз етуді нысаналайды[4]. Сонымен, міндетті әлеуметтік сақтандыру осы ауқымдағы тұлғалардың еңбек ету қабілетінен немесе жұмысынан айырылуына, сондай-ақ отбасының не оның жекелеген мүшелерінің асыраушысынан айырылуына байланысты оларға тиесілі кірістің бір бөлігін өтеу мақсатында мемлекет ұйымдастыратын, бақылайтын және кепілдік беретін аса қажетті шаралар жиынтығын білдіреді[5].

Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап барлық бағытта: құқықтық база, экономика, социум салаларында күрделі қалыптасу жолынан өтті. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың сарабал саясатының арқасында Қазақстан әлемдік аренада халқының өмір сүру сапасы мен экономикасы тұрақты дамып келе жатқан мемлекет ретінде орнықты имиджге ие болды. Халықты әлеуметтік қорғаудың көп деңгейлі өміршең жүйесі құрылды, оның бірі міндетті әлеуметтік сақтандыру.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына «Дағдарыстан жаңаруға және дамуға» (2009) жолдауында дүниежүзілік дағдарыс жағдайында халықтың әлеуметтік осал топтарын әлеуметтік қолдау ерекше орын алады. Елімізде аталған жүйелерді құрудың дүниежүзілік тәжірибесін зерттеу және талқылау негізінде зейнетақымен қамсыздандыруды, әлеуметтік сақтандыруды, аз қамтамасыз етілген азаматтарды әлеуметтік қолдауды жетілдіру әдістері іздестірілуде.

Қазақстанда зейнетақы және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін дамыту халықты әлеуметтік қорғаудың көп деңгейлі жүйесін құрудың маңызды кезеңі болып табылады. Міндетті әлеуметтік сақтандырудың қазақстандық жүйесі ең алдымен, жұмысынан, асыраушысынан, жұмыс қабілетінен айрылу, сондай-ақ ана мен баланы әлеуметтік қорғау тәрізді әлеуметтік қатерлерді қамтиды. Мемлекеттік әлеуметтік қорғау жүйесінің ең маңызды құрамдас бөлігі және элементі болып табылатын әлеуметтік сақтандыру – әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттердің тәжірибесінен құрылған біртұтас әлеуметтік доктринаны білдіретін болды.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры қазіргі таңда Халықаралық зейнетақы және әлеуметтік қорлар қауымдастығының мүшесі болып табылады[6], егеменді Қазақстанның көп деңгейлі әлеуметтік қорғау жүйесінің маңызды элементі ретінде әлеуметтік сақтандыруды насихаттауға белсенді түрде қатысады. Жинақталған тәжірибеміз зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру жүйелерін реформалап жатқан бірқатар елдердің практикалық қызығушылығын тудыруда.

Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде әлеуметтік сақтандыру маңызды элементтердің бірі болып табылады. Әлеуметтік сақтандырудың зейнеткерлік, медициналық, жұмыссыздық бойынша сақтандыру, өндірістегі оқыс оқиғалардан сақтандыру сияқты түрлері бар. Әлемнің көптеген мемлекеттерінде медициналық және зейнеткерлік сақтандыру жалақының бір бөлшегін ұстап қалу арқылы жүзеге асады. АҚШ-та әлеуметтік сақтандыру мақсатында жұмысшылардың жалақысының 7,5 пайызы ұсталынады. Ал Швецияда әлеуметтік сақтандыру толықтай мемлекет есебінен қаржыландырылады. Қазақстанда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін жүзеге асыру үшін ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы № 237 қаулысына сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры құрылды. Мұнда мемлекетке төленетін әлеуметтік салықтың бес пайызын құрайтын бөлігі ғана Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударылады[7].

2014 жылдан бастап негізгі мақсаты мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасындағы жауапкершілікті бөле отырып, әлеуметтік қамсыздандырудың қаржылық тұрақты, экономикалық тиімді, әлеуметтік әділ үш деңгейлі жүйесін құру болып табылатын

әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің үш жылдық бағдарламасын жүзеге асыру басталды. Әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің басты міндеті әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін жоғарылату ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қорғаудың тұрақты және тиімді жүйесін құрып, қалыптастыру болып табылады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Лер О.Э. «Страховой рынок Казахстана» – Алматы, «Каржы-каражат», 1996, 81 б.
2. Республикасының Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы №405 Заңы – 25.04.2003 ж.
3. Қазақстан Республикасының Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы №405 Заңы – 25.04.2003 ж
4. Исахова П.Б. «Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің мазмұнын айқындау мәселелері» / «Основы экономики», №2, 2007, 14 б.
5. Худяков А.И. «Страховое право Республики Казахстан» – Алматы, «Жеті жарғы», 1997, 65 б.
6. Исахова П.Б. «Әлеуметтік сақтандыру – халықты әлеуметтік қорғауға арналған шығындарды қаржыландырудың қосымша көзі» / «Қаз ЭУ хабаршысы», №3, 2005, 27 б.
7. Жұматай И. «Қазақстан Республикасында кедейшілікке қарсы күрес, әлеуметтік қорғау, тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту – саясатты ізгілендірудің басты бағыты» / «САЯСАТ-POLICY», № 12, 2007

**Айтмуханова Д.У., Шаменова Ш.Ж**

*Х.Досмұхамедов атындағы*

*Атырау мемлекеттік университеті*

*Атырау қ.*

### **СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУЫ – АЗАМАТТАР МҮДДЕЛЕРІНІҢ ҚОРҒАЛУЫНЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ**

Қазақстан Республикасы Егеменді тәуелсіз мемлекет болғандықтан өз азаматтары мен заңды тұлғаларына заңи жағынан кепілдік беретін фактор қажет. Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының сақталуы мен заңды мүдделерінің қорғалуы заңның үстемдігі қамтамасыз етілетін мемлекетте ғана мүмкін. Өз кезегінде мұндай мүмкіндік мемлекеттік механизмде биліктердің бөлінуі мен өзара іс-қимылын толық көлемінде істей алуы және сот билігіне тән ерекше рөлдің атқарылуы арқылы іске асырылады.

Қазіргі таңда азаматтық – қаржылық қатынастың дамуы қарқынды өсіп келе жатқандықтан материалдық жауаптылықты анықтайтын белгілейтін мемлекет атынан құқық қорғау саласында әлеуметке қызмет көрсететін бірден – бір орган бұл - Қазақстан Республикасындағы Сот жүйесі. Айтылған негіздерге байланысты тәуелсіз сот билігінің қалыптасуы мен дамуының өзектілігі өседі. Әсіресе, сот билігін жүргізуші судьялардың дербестігін, олардың өз құзыреті шеңберінде шешім қабылдағанда ешбір ықпал-кедергісіз, тәуелсіз болуын қамтамасыз етудің маңыздылығы орасан зор. Осы туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Үндеуінде былай деп көрсеткен болатын “...тәуелсіз, гүлденуші және саяси тұрақты Қазақстанды құру қажеттілігі, оған тән ұлттық бірлікті, әлеуметтік әділеттілікті, бүкіл халықтың экономикалық жайлы жағдайын қарастыруымен байланысты”. Осы міндеттерді шешу азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, еркіндіктері мен заңды мүдделерін қорғау, ел Конституциясы мен заңдарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі өзінің конституциялық функциясын толыққанды жүзеге асыруға қажетті тәуелсіз сот жүйесін құруға мүмкіндік береді. Ендеше судьяның

(соттың) тәуелсіздігін қамтамасыз ету қоғамның және мемлекеттің міндеті болып табылуға тиіс. Оның тек қана Конституция мен заңдарға бағыныштылығын мойындап, басқа мәселелеріне, әсіресе, сот төрелігін іске асыру қызметінде тәуелсіз болуын елдің Ата Заңы, басқа да заңдары мен нормативтік-құқықтық актілері баянды етуінде орасан зор заңдық қана емес, саяси да мән бар. Себебі, конституциялық ереже сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болмасын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады деп бекітеді. Ал судьяның сот төрелігін іске асыру кезінде Конституция мен заңдарға ғана бағынышты болуы, басқадай айтқанда, оның тек заңға тәуелді болуы сот әділдігінің шынайы көрінісін айқындайды [1].

Құқықтық мемлекетті орнықтыруға бет алған қоғамның негізгі көздейтіні мемлекеттің құқықпен санасуын талап ету болса, соттың да тек заңға бағындырылуы мұндай мақсатты іске асыруға жетелейтін басқарушы қағида (норма) болып саналуға тиіс. Өйткені, сот төрелігінің тәуелсіздігі оны жүзеге асырудың басты шарты болып табылады. Бұл принциптің маңызын түсіндіретін басты бір мәселе, сот билігінің дербестігін баяндайтын конституциялық ережемен байланысты. Сот билігінің маңызды нысаны сот әділдігі ешкімге есеп бермейтін, сот істерін қарап шешетін судьяның тәуелсіздігінің бастамасында атқарылуы қажет. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің мәртебесі айқындалды. Сот билігінің түсінігі, оған тән атқарылатын басты нысаны сот әділдігі арқылы бұл биліктің басқа да белгілері мен функцияларын айқындау тәсілімен көрсетілді. Әсіресе, сот билігін мемлекет билігінің дербес, тәуелсіз тармағы ретінде қарастыру, оған жүктелген азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғауға, республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет ететін мақсаттарымен түсіндіріледі.

Сот саясатын заң шығарушы биліктің орнықтыратыны, өз кезегінде сот билігін мемлекеттің арнаулы органы соттың ғана жүзеге асыратыны және бұл билік мемлекеттік қызметтің ерекше, әрі сапалы нысанына ие болатыны т.б.айқындалады. Құқық арқылы тәрбиелеу оны бұзушыға қатысты жүргізіледі. Бірақ, оның әсері жәй, заңға бағынушы (құқық бұзушылықты жасамаған) адамдар мен азаматтарға да тигізілуі қажет. Өйткені, оның түбегейлі мақсаты құқық бұзушылықты, қылмыс жасауды болдырмау, мүмкіндігінше жою.

Сот билігінің тәрбиелеу функциясы нақты сот істерін қарау арқылы материалдық және процессуалдық нормаларды, көпшілік жағдайда, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданумен іске асырылады. Сондай-ақ, сот мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың атына қылмыстың, құқық бұзушылықтың болуына себебін, салдарын тигізген мән-жайларды жою шараларын қарастыруы үшін жеке қаулыларын шығарып жолдайды. Енді қоғам үшін сот билігінің қаншалықты қажетті екендігіне тоқталсақ, біріншіден, даулы мәселелерді шешу қажеттігімен байланысты. Оларды реттеу үшін мемлекет қалыптастырған ережелерді қолдану арқылы адамдардың мінез-құлықтары мен әлеуметтік процестерге әсер етуімен түсіндіріледі [2].

Сот әділдігінің басты әрі өзекті принциптерінің бірі-судьяның тәуелсіздігі арқылы сот билігінің басқа принциптерінің маңызы айқындала-тынын, яғни олардың өзара тығыз байланыста болатынын атап кеткен жөн. Тәуелсіздіктің басты бір қолдаушысы-кепілдіктерінің де орасан зор мағынасын, алатын орны мен мәнін ашу керек нәрсе. Бұл екі ұғымның мызғымас, бір-бірінен ажырамайтын құнды жақтары судья (сот) тәуелсіздігін нақты әрі нығайтылған түрде көрсетеді. Бұл тұрғыда мемлекет тарапынан, әсіресе Елбасының бастамасымен қарастырылып отырған шараларды атап өту өте қажет. Өйткені, еліміз тәуелсіздікке ие болған уақыт ішінде бүкіл мемлекеттілікті, соның ішінде сот билігін қалыптастыру мен дамытудың рөлі орасан зор екендігінде дау жоқ. Демек, біздің ойымызша, сот билігі деп мемлекет атынан, оның өкілетті органы сот арқылы азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау, республика Конституциясы мен заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының атқарылуын қамтамасыз ету үшін заңның негізінде және ол орнықтырған

тәртіптер мен процессуалдық нысандарда, қажетті жағдайларда мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы жүзеге асырылатын, өз алдына дербес әрі тәуелсіз мемлекеттік биліктің тармағы ретінде түсіну дұрыс болар еді.

Мемлекеттік биліктің бұл тармағының өзіне тән, басқа тармақтардан ерекшеленетін белгілері мен функцияларын қарастыру оның мазмұны мен мәнін толықтыра және көркейте түседі. Азаматтық іс жүргізу қатынастарындағы соттар міндетті субъект ретінде қарастырылады. Сот қарайтын азаматтық істер материалдық және процессуалдық талаптар бойынша қарастырылады. Материалдық мазмұнына тоқталатын болсақ, тұрмыстық сала бойынша туындайтын мүліктік және мүліктік емес даулар, еңбек саласы бойынша жұмыс беруші мен еңбеккер арасындағы қатынастардан туындайтын мүліктік даулары яғни талапкер мен жауапкер арасында туындайтын материалдық сипаттағы даулар ұғынылады. Процессуалдық талаптарға сотқа келіп түскен арыздар тек іс жүргізушілік құқықтық салдарды туындатады. Яғни мұнда көбінесе даусыз талаптар қаралады. Қатысушы ретінде мүдделі адам арыз бере алады [3].

Азаматтық іс жүргізу қатынастарында судьяның тәуелсіздігі қағидасы қандай да бір іс-әрекет жүргізгенде тәуелсіз және Қазақстан Республикасының заңдарына бағынып ар-ожданды басшылыққа ала отырып шара қолданады. Бір жағдайда судьяның әрекетіне шектеу қойылуы мүмкін. Азаматтық іс жүргізу заңдарына сай судьяға қарсылық білдірілуі мүмкін жағдайлар Азаматтық іс жүргізу заңдарында көрсетілген негіздер бойынша егер іс бұрын қаралып сол іске судья куә, сарапшы, маман, аудармашы, өкіл, сот отырысының хатшысы, сот орындаушысы, сот приставы ретінде қатысса және іске қатысушылармен туыстық қатынаста болса қарсылық білдіріледі [4].

Зайырлы және азаматтық қоғам құруды мақсат еткен мемлекетіміз үшін әділ әрі заңға негізделген соттың актілері азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін басты шарт. Азаматтарымыздың құқықтары мен мүдделері Ата заңымыздың басты талабы. Сот жүйесінің құқыққа сай қызмет атқаруы, актілердің орындалу заңдылықтарының сақталуы басты қағида болып есептелінеді. Сот жүйесінің заңдылыққа сай дамуы және азаматтық қатынастарға қатысушы тұлғалардың құқықтары мен мүдделерінің заңды жолмен жүзеге асырылуы, сот шешімдерінің заңды күші мен атқарылу жағдайларының орындалуы азаматтық қоғам құрудың кепілі ретінде танылады

#### **Әдебиеттер:**

- 1.Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж.
- 2.Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы “Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы”. 25 желтоқсан, 2000 ж.
- 3.ҚР Азаматтық процестік кодексі 1-қаңтар 2016 ж.
- 4.Егембердиев Е. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы- Фолиант-Астана -2012



**Куккузова Э.И.**  
*аға оқытушы, заң магистрі*  
**Қобдабаева Н. А.,**  
*аға оқытушы*  
*Атырау мемлекеттік университеті*  
*Атырау қ.*

## **ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН КЕЙІНГІ АДВОКАТУРА ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

Әрбір мемлекет үшін ондағы қабылданған заңдылықтар мен ережелердің маңызы зор. Сондықтан кез келген елдің тәуелсіздігі, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат – Конституция. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары айқын көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізген жас мемлекет болса да, дамудың даңғыл жолында келе жатыр. Тәуелсіздігіміз бен елдігіміздің тірегіне айналған. Ата заңымыз соның бір дәлелі. Мұндай ережелер мен заңдылықтар сонау ата-бабымыздан бастау алып, халықты дұрыс басқарудың құралына айналған [1;38].

Осындай құралдардың бірі – адам және адам өмірі, құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету мен қорғауға негіз болып табылатын құжаттың бірі – Конституция. Осы Ата заңнан бастау алып, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғауға бағытталған құқықтық институттың бірі – адвокатура институты болып табылады.

Астана қалалық адвокаттар алқасының мүшесі, адвокат Акашева Г.Т. өзінің берген сұхбатында былай деген еді: «Еліміздің басты қазынасы – адам және адам өмірі, құқықтары мен бостандығы. Сондықтан оның қауіпсіздігі алдыңғы орында тұрған мәселе. Ал, бұл құндылықтарды қорғау – адвокаттарға жүктелген жауапты міндет» [1;40].

Осы айтылғаннан көріп тұрғанымыздай, адвокатура – кез келген мемлекеттің маңызды құқықтық институты болып табылады. Яғни, тұлғалықтың субъективтік құқықтарын қорғауға бел буады.

Қазіргі таңда талас-тартысы көп қоғамда екінің бірі адвокаттық көмекке жүгінетінін білеміз. Ата заңымызбен кепілдік берілген адам және азамат деп атауға ие болған 2-тарауда адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңның бұзылуын болдырмау және құқық тәртібін нығайтуға жәрдемдесу адвокаттың кәсіптік міндеті мен биік адами борышы саналатындығын халық енді түсініп, түсіністікпен қарауда.

Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекет ретінде танығаннан бері тәуелсіз адвокатураның дамуына ықпал жасау жоспарында көптеген жұмыстар атқарды. Конституция тұрақты түрде құқықты қорғауды енгізіп, адам құқықтарын қалыптастырып, бекіткен болатын. Ендігі кезекте сол бекітілген конституциялық құқықтарымыз бен бостандықтарымыздың бұлжытпай орындалуына қандай да бір негізсіз себептер туындаған жағдайда адвокаттық қызметтің көмегіне жүгінуімізге тура келетіндігі сөзсіз.

«Қазақстан атты зайырлы мемлекетте өмір сүріп жатқан сіз бен біз осы елдің барлық заңдарын бұлжытпай орындауға міндеттіміз. Заң талаптарын бұзбай, біз оларды күнделікті өмірде дұрыс қолдана білуіміз де қажет» - деп адвокат Ж.Бұлхайыр өзінің кезекті мақаласында айтып өткен болатын. [2;1].

Күн сайын жұмыс барысында, басқа да жерлерде біз өзімізді қоршаған қоғаммен түрлі құқықтық қарым-қатынасқа түсеміз. Әр қилы мәмілелер мен келісім-шарттар жасайтын кездеріміз болады. Бұл сату мен сатып алу, айырбастау, жылжымалы не жылжымайтын мүлікті сыйға тарту түріндегі алыс-беріс болуы мүмкін. Егер сол мәмілені дұрыс орындамай қалсақ, біздің мүддеміз бен мүлкімізге зиян келуі ғажап емес. Осындай жағдайда кәсіби заң

көмегі дер кезінде жасалынса, өзімізге келер залалдың алдын аламыз.

Сондай-ақ, кез келген біреу, біліп не білмей заңға қайшы әрекет жасау арқылы қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Сот пен құқық қорғау органдары күдіктіге қарсы, жасалған қылмысына сай емес өте қатаң жаза беруге әрекет жасауы мүмкін. Сондай жағдайда егер азаматтың арнайы заң білімі болмаса немесе дер кезінде тиісті құқықтық көмек көрсетілмесе, нәтижесі ауыр соғары айқын.

Міне, осы кезде адамдар кәсіби маман ретінде өздерінің заңды құқықтарын қорғайды деген сеніммен адвокат (қорғаушы) көмегіне жүгінеді.

Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңының 3-бабы, 2-ші тармақшасына сәйкес, адвокатураның қызметі мен ұйымдастырылуы адвокаттық қызметтің заңдарда тыйым салынбаған әдістері және құралдарымен жүзеге асады.

Адвокаттың міндеті – заңдар шеңберінде азаматтардың мүдделерін білікті және адал қорғау.

Халық арасында адвокаттар өздерінің қорғаушылық қызметін атқарумен қатар, сот қазысы мен дауласқан тараптар арасында делдал болып жүреді деген сыбыс бар. Бірақ, бұл пікір ресми мәліметтермен расталмайды, алайда адвокаттардың істі «оңтайлы» шешу үшін ары қарай сотқа берем деген сылтаумен клиенттерден ақша алып, алаяқтық жасауы негізінде қылмыстық жауапкершілікке тартылған жағдайлары кездеседі [2;2].

Қазақстан адвокатурасы өзінің дамуы барысында көптеген өзгерістерді басынан кешірді. Тәуелсіздік алғанымызға биыл 25 жыл толып жатыр. Осы 25 жыл ішінде адвокатура институты да қанатын кеңге жайып, жан-жақты құқықтық сұрақтарды қамтып, кең өріс алууда.

Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілгендей әркім өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғануды қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып қорғануға, білікті заң көмегін алуға құқықтары бар екендігін мәлім. Тіпті, кейбір жағдайларда заңның нақты бабында бекітіліп орын алған тегін адвокаттық қызмет көрсету негіздері де көрсетілген. Алайда, қарапайым халық ортасында адвокаттардың сотта көрсететін ақысыз заң көмегі жайлы біреудің біліп, біреудің білмейтіндігіні байқалып қалады.

Адвокатураның алдына қойған мақсаты – адамның өз құқықтары мен бостандықтарын сотта қорғауға, білікті заң көмегін алуға, Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесу болып табылады.

Адвокат - жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін маман.

Сот үдерісіндегі ең тәуелсіз маманның бірі – адвокат саналады.

Адвокаттың басты парызы – әділдік үшін өз клиентінің құқығын қорғау. Оның жұмысы әділдік, заң мен қорғауға негізделген.

Құқық мәселелеріне қатысты сұрақтарға жауап беретін кәсіби, тәуелсіз маман. Ол еркін мамандық болғанымен, тек заңгер ретінде ғылыми, ұстаздық және шығармашылық қызметте істей алады.

Адвокат қылмыстық, азаматтық немесе төрелік істерде қызмет көрсете алады. Бірақ бұл бағыттардың әрқайсысында өз ерекшеліктері бар. Мысалы, қылмыстық істердің адвокаты адам өлген, ұрлық, зорлық-зомбылық, экономикалық қылмыс, жол апаты сияқты істермен айналысады. Сондай-ақ ол бұрмалау істерімен де айналысады, мысалы, клиентін біреу жалған ақпарат пен дәлелдемелер арқылы айыптау істерінде қорғаумен айналыса алады.

Сотта қаралатын істер ұзақ мерзімге созылуы мүмкін. Ал адвокат іс сотқа жіберілмей тұрып, тергеу кезінен бастап іске араласуы керек. Бұл кезең бірнеше айды қамтуы мүмкін. Ал сот ісі бір немесе бірнеше жылға дейін созылатын кездер де болады. Осы уақытта адвокат

қорғаушысының ісіне немқұрайлық танытпай, іске барын салып, араласып отыруы керек.

Өз жұмысы үшін адвокат клиентінен гонорар алады. Ал егер адамның адвокат жалдауға ақшасы болмаса, сот оған заңгерді тағайындап, оның жұмысына қаражат бөледі.

Адвокаттық қызметке кірісу үшін «адвокат» деген арнайы лауазымды иелену керек. Оны жоғары заңгерлік білімді меңгерген адам ғана ала алады. Адвокат адвокаттық бюрода жұмыс істей немесе оны басқара алады [3].

Адвокатура деген аса маңызды қоғамдық-әлеуметтік институт. Адвокат – бұл әрқашан жан-жақты және мәдени адам. Өз кәсібіне деген сүйіспеншілік, ұжымдылыққа ұмтылыс адвокаттарды басқа заңгерлерден ерекшелейді.

Адвокат мамандығы жоғары ақыл, парасаттылықты, үлкен жауапкершілікті, қоғамдық іске қызығушылықты, жылдамдылықты, шешендікті талап етеді. Ең бастысы, адвокат өз елінің заңын толықтай жақсы меңгеруі керек.

Заманның талабына сай заңдардың күрделенуі мен өзгерістерге ұшырауы қарапайым халық үшін көптеген түсінбеушіліктерге әкелуде. Қоғамның дамуымен өмірлік қатынастар күрделеніп, құқықтық нормалар өзгере бастады. Азаматтарға оларды меңгеру мен қолдану қиынға соқты. Енді оларға материалды және процессуалды құқықтың ерекшеліктерімен жақсы таныс адамның көмегіне жүгіну қажетті туындайды. Ол әрине, адвокаттық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар тұлға – адвокат екені сөзсіз.

Елің үшін қажетті маман иесі болу қай уақытта да мақтаныш. Сондай мақтаныш тұтатын мамандықтың иесі - адвокат дегім келеді. Адам құқықтары мен қауіпсіздігі, бостандығы мен еркіндігі кез келген мемлекет үшін басты құндылықтың бірі болып табылады. Ол заң жүзінде бақыланып, қорғауға алынып тұрады. Ал заң жүйесі тәртіп пен ережеге негізделген сала. Сондықтан да оларды сақтау – баршамызға ортақ міндет болып келеді.

Әділет пен шындыққа бағытталған заң саласының қоғам үшін маңызы өте зор. Себебі, заң – азаматтарды үркітіп, қорқыту, бір шешілмейтін тұңғийыққа апару үшін емес, керісінше дұрыс арнаға бұрып, мемлекетті басқарудың тиімді құралы болып түсінілуі тиіс. Сондықтан халық қандай мәселе болмасын заң саласындағы білікті мамандарының көмегіне мұқтаж. Сондай игілігі мол қызметтің бірі – адвокаттық қызмет.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабында адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі деп көрсетілген. Сондықтан бүгінгі таңда азаматтардың құқықтары мен бостандықтары тиісті деңгейде қорғалуын адвокатура институты жүзеге асыруда деп айта аламыз.

Адвокаттық қызметті жүзеге асырушы адвокаттың өкілеттіліктері мен құқықтары мейлінше кеңейтуге мүмкіндік берген екі құжатты атап кеткен жөн болар. Бұл Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексі (2014 жылы 4 шілдесінде қабылданды) және Қазақстан Республикасының Азаматтық-процестік кодексі (2015 жылы 31 қазанда қабылданды). Бұл дегеніміз адвокатура институтына деген мемлекеттің, қоғамның сенім артуының дәлелі. Адвокаттық қызмет күннен күнге дамып, жан-жақтылығын арттыруда. Халықтың сеніміне кіріп, конституциямен бекітілген құқықтар мен бостандықтарды қорғауға көмектесетін институт болып одан әрі нығайып дамитыны сөзсіз.

### **Әдебиеттер:**

1. Азат елдің Ата заңы. //Начальник. -38-39бет
2. Адвокат харамнан сақтануы қажет. //Ислам және өркениет. 11 желтоқсан 2011ж.
3. Мамандықтың бәрі жақсы. www.massaget.kz сайтынан алынған электрондық ресурс

